

Қамқоршылық кеңестің 2014
жылғы 30 наурыздағы № 14
шешіміне сәйкес титул бетіне
өзгеріс енгізілді
(ескі ред.қара)

«Назарбаев Университеті»
дербес білім беру үйімы
Қамқоршылық кеңесінің
2011 жылғы 10 желтоқсандағы
№3 хаттамасымен
бекітілген

**ТАУАРЛАРДЫ, ЖҰМЫСТАРДЫ, ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУ
ЕРЕЖЕСІ**

(2014.03.30. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)



1. Жалпы ережелер

1. Осы Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес өзірленген және қордың үйымдастыру құқықтық нысанындағы коммерциялық емес үйымдарынан басқа, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру үйимы мен оның үйымдарының тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Ережеде пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұйымдар:

әлеуетті өнім берушінің аффилиирленген тұлғасы – әлеуетті өнім беруші қабылдайтын шешімді анықтауға және/немесе шешімге, оның ішінде жазбаша нысанда жасалған мәміленің күшіне қарай ықпал етуге құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзі жөнінде сол ықтимал өнім берушінің осындай құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға.

сатып алу туралы шарт – Қағидаға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

Тармақ Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадагы № 7 шешіміне сәйкес төртінші абзацпен толықтырылды

«Назарбаев Университеті» үйимының еншілес үйымдары - «Назарбаев Университеті» үйимы құратын коммерциялық емес үйим, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) елу және одан астам пайызы «Назарбаев Университеті» үйимина меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі басқа заңды тұлға;

тапсырыс берушілер – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру үйимы және қордың үйымдастыру құқықтық нысанындағы коммерциялық емес үйымдарынан басқа, оның үйымдары;

бесінші абзацқа Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадагы № 7 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. кара)

сатып алу – Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын келесі тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды:

енбек шарттары бойынша жеке тұлғаларда немесе ақылы қызметтерді көрсету шарттары бойынша кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғаларда жүзеге асырылатын қызметтерді сатып алуды;

жарналарды (үлестерді), оның ішінде жаңадан құрылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына үлестерді енгізуді;

құнды қағаздарды, заңды тұлғалардың жарғылық капиталында үлестерді сатып алуды;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған лицензиялар негізінде банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен үйымдар жүзеге асыратын банктік операцияларды жүргізуге байланысты қаржы қызметтерін сатып алуды;

іссапар шығыстарын өтеуді;

басқару органдары мен бақылау кеңесінің мүшелеріне сыйақылар және/немесе шығыстар өтемақыларын төлеуді;

өкілдік шығыстарға байланысты тауарларды, қызметтерді сатып алушы;

Жоғары қамқоршылық кеңестің, Қамқоршылық кеңестің, Директорлар кеңесінің, Ғылыми және Бақылау кеңестерінің қызметтерін қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алушы;

он бесінші абзац Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес мына редакцияда мазмұндалады (екінші ред. қара)

пациенттің өміріне қауіпті жою үшін дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алушы;

демеушілік көмек және/немесе қайырымдылық көмек қаражаты есебінен жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алушы;

тапсырыс берушінің жарғылық қызметтіне сәйкес гранттар беруден, грант ақшаларын пайдалануға байланысты тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алушы;

тапсырыс берушінің жарғылық қызметтіне сәйкес халықаралық аккредиттеу және/немесе сертификаттау бойынша қызметтерді сатып алушы;

он сегізінші абзац Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадагы № 7 шешіміне сәйкес мына редакцияда мазмұндалады (екінші ред. қара)

тапсырыс берушінің негізгі қызметтіне байланысты шетелдік онлайн ресурстар арқылы 10 000 (он мың) АҚШ доллары баламасынан аспайтын сомаға тауарларды, қызметтерді сатып алушан, оның ішінде тапсырыс берушінің ішкі құжатына сәйкес төлем карточкасы арқылы төлем жүргізуіді;

оларды жасау сәтінде орындалатын мәмілелер бойынша қосылған құн салығын есепке алмай, тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 100 (жуз еселік) көлемінен артық емес құнды тауарларды, қызметтерді сатып алушы;

Казақстан Республикасының заңнамасымен, басқа елдер заңнамаларымен белгіленген бағалар, нормалар, лимиттер, тарифтер, алымдар мен төлемдер бойынша тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алушы;

жынырма екінші абзац Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес мына редакцияда мазмұндалады (екінші ред. қара)

көрмелерге, семинарларға, конференцияларға, кеңестерге, форумдарға, симпозиумдарға, тренингтерге, тағылымдамаларға, мастер-кластарға, оның ішінде виртуалды режимде қатысканы үшін, сондай-ақ көрсетілген іс-шараларды үйімдастыруға қатысу және/немесе жүргізу бойынша тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алғаны үшін төлем енгізуіді;

мерзімді басылымдарға жазылуды қоса, қағаз және/немесе электрондық жеткізгіштердегі мерзімді баспа басылымдарын сатып алушы;

шетел және отандық бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат орналастыру қызметтерін сатып алушы;

жыныма бесінші абзац Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес мына редакцияда мазмұндалады (екінші ред. қара)

қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру,

оның ішінде шетелде, сондай-ақ емтихан тапсыру бойынша қызметтерді сатып алуды;

төрелік сотта дауды шешуге байланысты төрелік алымдарды, шығыстарды төлеуді;

әуе, темір жол, өзен, теңіз және автобус жол күжаттарын (билеттерін) броньдау, ресімдеу және сату қызметтерін сатып алуды;

кеден өкілдіктерінің қызметтерін сатып алудан, уақытша сақтау қоймаларының (УСҚ) алымдары мен басқа төлемдерін төлеуді;

отандық және шетел баспа басылымдарында мақалалар жариялауды;

Қазақстан Республикасының сауда-өнеркәсіп палаталарының қызметтерін сатып алуды;

Қамқоришлиқ кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадагы № 7 шешіміне сәйкес тармақ он үшінші-отыз үшінші абзацтармен толықтырылды

ғылыми өтінімдерге, жобаларға, есептерге халықаралық сараптама жүргізу бойынша қызметтерді сатып алуды;

патент, зияткерлік менишікті қорғау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және халықаралық шарттарға сәйкес баж бен өзге де шығыстарға төлем жүргізу қызметтерін сатып алуды;

тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес мамандандырылған ұйымдардан ғылыми және/немесе зерттеу жабдықтарды жөндеу қызметін сатып алуды;

лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді және/немесе тапсырыс берушінің негізгі қызметіне байланыстық ақпараттық сервистерге рұқсат беру қызметін бағдарламалық қамтамасыз етуді шығарушыдан немесе жоғарыда аталған тауарлардың, қызметтердің авторланған өнім берушісінен сатып алуды қоспағанда, Ережеде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын, тапсырыс берушінің жұмыс істеуін немесе жарғылық қызметін орындаудың қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді тапсырыс берушінің ақылы негізде сатып алуды;

отыз бесінші, отыз алтынның және отыз жетінші абзацтар Қамқоришлиқ кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес мына редакцияда мазмұндалады (ескі ред. кара)

кешенді жұмыстар – құрылымы жобаларын іске асыруға, оның ішінде жобалау жұмыстарын басқаруға бағытталған жұмыстар мен қызметтердің жиыны;

консорциум – занды тұлғалар сол немесе басқа ресурстарды біріктіретін және нақты шаруашылық міндеттерді шешу үшін күштерді үйлестіретін, бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарт негізіндегі уақытша ерікті тен құқықты одақ (бірлестік);

біртекті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер – бірдей болмаса да, белгілі бір функцияларды орындаудың және өзара алмастыруши болуына мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас компоненттерден тұратын тауарлар, жұмыстар, қызметтер;

сатып алуды ұйымдастыруши – сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ресімдерін орындауға жауапты, өзінің құрылымдық бөлімшесі тұлғасында тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ресімдерін орындау мақсатында анықталған занды тұлға;

отыз алтының абзацқа Қамқориылық кеңестің 2012 жылды 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес
өзгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

«Назарбаев Университеті» ұйымдары – қордың ұйымдастыру құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйымдарынан басқа, «Назарбаев Университеті» құратын коммерциялық емес ұйымдар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Назарбаев Университетіне» тиесілі басқа да заңды тұлғалар, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдары;

«Назарбаев Университеті» белгіленген тәртіппен бекіткен сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесі – мыналар:

тендер нәтижесіне әсер ететін тендерлік құжаттамамен көзделген талаптар бойынша дұрыс емес ақпарат берген;

сатып алу жеңімпазы деп танылған жағдайда сатып алу туралы шарт жасасудан бас тартқан;

қырықының абзацқа Қамқориылық кеңестің 2012 жылды 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес
өзгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

сатып алу туралы шартты жасасқан, тендерлік құжаттамамен белгіленген талапты, сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу және/немесе енгізу мерзімдері және/немесе алдын ала төлем/аванс сомасы туралы шартты орындамаған не уақтылы орындамаған;

олармен жасалған сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не толық орындамаған тұлғалар туралы жүйелі мәліметтер;

әлеуетті өнім беруші – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарымен олар үшін өзге белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерден басқа), сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер консорциум;

өнім беруші – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарымен олар үшін өзге белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерден басқа), онымен жасалған сатып алу туралы шартта контрагент ретінде әрекет ететін консорциум;

жұмыстар – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмысқа жатқызылған, заттық нәтижесі бар қызмет;

резиденттер – Қазақстан Республикасының резиденттері – шетел мемлекетінде тұрақты тұру құқығына сол мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген құжаты бар азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтары, оның ішінде шетелде уақытша жүрген немесе оның шегінен тыс жерлерде мемлекеттік қызметте жүрген азаматтар;

Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығына арналған құжаты бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның аумағында орналасуымен барлық заңды тұлғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс орналасуымен олардың филиалдары мен өкілеттіктері;

Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан дипломатиялық,

сауда және басқа ресми өкілдіктер;

тендерлік құжаттама – әлеуettі өнім берушіге тендерге қатысуға өтінім дайындау үшін берілетін және тендер өткізу шарттары мен тәртіптері туралы мәліметтерден тұратын құжаттама;

тендерлік комиссия – тендер тәсілімен сатып алуды өткізу рәсімін орындау үшін құрылатын алқалық орган;

тауарлар – нәрселер (заттар), оның ішінде жартылай фабрикаттар немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізат, электр және жылу энергиясы, шығармашылық зияткерлік қызметтің объектіленген нәтижелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға болатын заттық құқықтар;

57- абзацқа Қамқоршылық кеңестің 2013 жылды 26 шілдедегі № 11 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (екінші ред. қараңыз)

стратегиялық әріптестер – «Назарбаев Университеті» Қамқоршылық кеңесі*, Басқаруыш кеңесі немесе басқа да құзыретті органды белгілеген және қызметтің бір немесе бірнеше мынадай салаларда жүзеге асыратын тұлғалар:

ғылыми-зерттеу;

білім беру саласына заманауи әдіснамалар мен технологияларды енгізу;

білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;

білім беру қызметтің сапасын бақылау мен бағалау аспаптарын әзірлеу мен енгізу;

оку, ғылыми, ғылыми-техникалық процесті, сондай-ақ медициналық қызметті қамтамасыз ететін жабдықтарды әзірлеу және өндіру;

сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы да қызметтің жүзеге асыратын бір немесе бірнеше тұлғалар;

Тармақ Қамқоршылық кеңестің 2012 жылды 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес елу тогызынышы абағаупен толықтырылды

сондай-ақ «Назарбаев Университеті» дербес білім беру үйіміна қайта құрылғанға дейін «Назарбаев Университетінің» басқару органдарымен белгіленген тұлғалар;

сатып алу мәселелері бойынша уәкілетті орган - «Назарбаев Университеті» құрылымдық бөлімшесі;

қызметтер – тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанагаттандыруға бағытталған, заттық нәтижесі жоқ қызмет;

«Назарбаев Университеті» - «Назарбаев Университеті» дербес білім беру үйімі;

сараптама комиссиясы – сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігін (техникалық тапсырмасын) әзірлеуге қатысу және/немесе әлеуettі өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшеліктеріне сәйкестігіне қатысты сараптама қорытынды әзірлеу үшін құрылатын алқалы орган;

сарапшы – сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігін (техникалық тапсырмасын) әзірлеуге қатысу және/немесе әлеуettі өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшеліктеріне сәйкестігіне қатысты сараптама қорытынды әзірлеу үшін

тартылатын жеке тұлға;

электрондық сатып алу – ақпараттық жүйелер мен электрондық ақпараттық ресурстарды пайдаланып жүзеге асырылатын сатып алу.

*«Назарбаев Университеті» жарғысын жаңа редакцияда мемлекеттік тіркегенге дейін (2013 жылды 23 мамырдан бастап)

3. Ереже мына қағидаттарға негізделеді:

1) әлеуettі өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тендей мүмкіндік беру;

2) әлеуettі өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;

3) сатып алу процесінің жариялығы мен ашықтығы;

4) қабылданатын шешімдер үшін бақылау мен жауаптылық;

5) сатып алу үшін пайдаланылатын ақша қаражатын оңтайлы және тиімді жүмсаяу.

4. Сатып алу процесі:

1) сатып алу жоспарын әзірлеуді және бекітуді;

2) өнім берушіні таңдауды;

3) сатып алу туралы шартты бекітуді және орындауды қамтиды.

5. Тапсырыс беруші әзірлеген сатып алу саласындағы ішкі құжаттар осы Ережеге қайшы келмеуі тиіс.

6. Сатып алуға қатысу үшін әлеуettі өнім беруші құқық қабілеттілігіне (занды тұлғалар үшін), азаматтық іс-әрекетке қабілеттілігіне (жеке тұлғалар үшін) ие болуы тиіс.

7) тармақта Қамқоршылық кеңестің 2014 жылды 30 наурыздасы № 14 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

7. Тапсырыс беруші тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе өзге де үәкілдеген тұлғасы шешімінің негізінде мына:

1) бекітілген сатып алу жоспарында (сатып алудардың нақтыланған жоспарында) көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған шығыстар қысқартылған;

2) тапсырыс берушінің даму жоспарына және/немесе бюджетіне (бизнес жоспарына, кірістер мен шығыстар сметасына және т.б.) (бұдан әрі – Бюджет) бекітілген сатып алу жоспарында (нақтыланған сатып алу жоспарында) көзделген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу қажеттігін жоққа шыгаратын өзгерістер енгізілген жағдайларда сатып алудың кез келген кезеңінде сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуға құқылы;

8. Тапсырыс беруші сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап:

1) 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті шешімді тапсырыс берушінің интернет-ресурсында орналастыру жолымен өткізілетін сатып алуға қатысатын тұлғаларды хабардар етуге;

2) 5 (бес) жұмыс күні ішінде тендерге қатысуға енгізілген өтінімдерді қамтамасыз етуді және/немесе сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және/немесе алдын ала төлем/аванс сомасына сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (егер сатып алу шарттарымен осында қамтамасыз ету көзделген жағдайда) қайтаруға міндетті.

2. Сатып алуды жоспарлау

Тармақ Камқоршылық кеңестің 2012 жылды 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес мына редакцияда мазмұндалады (ескі ред. кара)

9. Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бекітілген немесе нақтыланған сатып алу жоспарының негізінде тапсырыс берушімен жүзеге асырылады.

10. Тапсырыс беруші 15 (он бес) жұмыс күні ішінде бекітілген Бюджетке сәйкес, функционалдық міндеттеріне экономикалық жоспарлау мен талдау мәселелері кіретін тапсырыс берушінің жауапты бөлімшесінен (бұдан әрі – бөлімше) алынған ақпараттың негізінде сатып алу жоспарын әзірлейді, бекітеді және интернет-ресурста орналастырады.

11) тармақ Ереже Камқоршылық кеңестің 2014 жылды 30 наурыздады № 14 шешіміне сәйкес алтынышы абзацпен толықтырылды

11. Сатып алу жоспары мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы;
- 2) сатып алуды жүзеге асыру тәсілі;

3) өнім берушінің таңдауды және онымен сатып алу туралы шарт жасасуды регламенттейтін осы Ереженің нормаларын қолданбай жүзеге асырылатын сатып алу;

4) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдері мен орны және тапсырыс берушінің қалауы бойынша басқа мәліметтер.

Сатып алу жоспарында Ережелердің 15-тармағының (14), (26), (32), (42) тармақшаларына және 16-тармақтың 7) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылатын сатып алу бойынша мәліметтер көрсетілмейді.

12. Бекітілген сатып алу жоспарында көзделмеген тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға рұқсат етілмейді.

13. Тапсырыс беруші Бюджет және сатып алу жоспарын бекіткенге дейін тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің өнім берушісін таңдауга қатысты сатып алу рәсімдерін жүзеге асыра алады, бұл ретте Бюджетті және тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жоспарын бекіту осы өнім берушімен сатып алу туралы шартты жасасу талаптары болуы тиіс.

14. Тапсырыс беруші бекітілген сатып алу жоспарына өзгерістерді және/немесе толықтыруларды енгізуге құқылы.

Тапсырыс беруші сатып алу жоспарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде интернет-ресурста тиісті өзгерістер және/немесе толықтыруларды көрсетіп, нақтыланған сатып алу жоспарын орналастыруға міндетті.

3. Осы Ереженің өнім берушінің таңдауды және онымен сатып алу туралы шарт жасасуды регламенттейтін нормаларын қолданбай жүзеге асырылатын сатып алу

15. Осы Ереженің өнім берушіні таңдауды және онымен сатып алу туралы шарт жасасуды регламенттейтін нормалары қолданылмай сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) тапсырыс берушінің көрмелер, оқу, семинарлар, конференциялар, жиналыстар, форумдар, симпозиумдар, тренингтер ұйымдастыруы үшін тамақтану, ілеспе аударма, үй-жайларды жалға алу, техникалық жарақтандыру қызметтерін сатып алу;

2) әртүрлі магниттік жеткізгіштерде және/немесе электрондық жеткізгіштерде басылған дыбыстандырылған кітаптарды, көзі көрмейтін мүгедектерге қызмет көрсету үшін рельефтік-нұқтелік шрифтімен, тифлокүралмен басылған кітаптарды, интернет-ресурстарда орналастырылған ақпараттарды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

3) тестілік аккредиттеу желісін қоса алғанда, халықаралық аккредиттеу және/немесе сертификаттауға дайындық бойынша қызметтерді сатып алу;

4) рейтинглік агенттіктер көрсететін қызметтерді, қаржылық қызметтерді сатып алу;

5) шетелдік және/немесе отандық ғылыми, көпшілікке арналған және/немесе мамандандырылған кітапханалардың қызметтерін сатып алу;

6) мемлекет тапсырмасын немесе мемлекеттік тапсырысты орындау шеңберінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

7) Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес алынып тасталды (ескі ред. кара)

8) Казақстан Республикасы азаматтарын шетелде емдеу, сондай-ақ оларды тасымалдау және олармен бірге жүру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

9) сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге қатысты ерекше құқықтары бар тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

10) тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алынатын белгілі бір нарықта үstem (монополиялық) жағдайға ие, осындаи нарықта үлесі 100 (жұз) процентке тең болатын тұлғадан не нарық субъектісінен олардың қызметінің негізгі нысанасы бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

11) төтенше жағдайлар салдарларын оқшаулау және/немесе жою үшін, электр энергетикасы объектілеріндегі, тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялық жүйелердегі және өзге де қауіпті өндірістік объектілердегі аварияларды жою үшін, сондай-ақ коммуникациялардың, тетіктердің, агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің және материалдардың тасымал жолында тез арада қалпына келтіруді талап ететін сынуы, іsten шығуы туындаған кезде тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

12) Қазақстан Республикасының зандарында айқындалған тұлғалардан тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

- 13) мұлікті сенімгерлік басқару қызметтерін сатып алу;
- 14) «Назарбаев Университеті» және/немесе оның ұйымдарынан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

15) мыналарды:

Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамасына сәйкес сот орындаушылары өткізетін;

Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес өткізілетін;

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес өткізілетін;

мемлекеттік мұлікті жекешелендіру кезіндегі сауда-саттықта (аукциондарда) сатылатын мұліктерді (активтерді) сатып алу;

16) халықаралық коммерциялық төрелік және шетелдік сот органдарында тапсырыс берушінің мұдделерін қорғау және білдіру бойынша консультациялық және заңды қызметтерді сатып алу;

17) табиғи монополия субъектілерінен реттелетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

18) тармақ Қамқоршылық кеңестің 2012 жылды 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалады (ескі ред. қара)

18) білім беру, ғылыми, ғылыми-зерттеу бағдарламалары/жобаларының, арнайы, ғылыми, оқу, оқу-әдістемелік және/немесе көркем әдебиеттің, кез келген ақпарат көзі жеткізгіштердегі оқу әдебиеті мен онлайн оқу материалдарына кіру кодының, деректі және/немесе көркемдік сипаттағы бейне материалдарын, көмекші оқу құралдарының мазмұнына сәйкес сатып алу;

19) «Назарбаев Университеті» мен оның ұйымдарының кітапхана мен мұражай қорларын толықтыруға, сондай-ақ «Назарбаев Университеті» мен оның ұйымдарын эстетикалық ресімдеуге арналған өнер өнімдерін, қолөнер шеберлерінің бұйымдарын, мұражай заттары және коллекцияларды сатып алу;

20) «Назарбаев Университеті» мен оның ұйымдарының оқу және/немесе ғылыми зертханаларының қызметін қамтамасыз ету үшін зертханалық шығыс материалдарын сатып алу;

21) тармақ Қамқоршылық кеңестің 2012 жылды 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес озгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

21) мемлекеттік органдар қаржыландыратын ғылыми-зерттеу бағдарламаларын, ғылыми-техникалық жобаларды және/немесе бағдарламаларды іске асыруға қажетті тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

22) технология иесінен жаңа технологияны енгізуге байланысты жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

23) онлайн электрондық толық мәтіндік, реферативті, библиографиялық және т.б. дереккорына, электрондық журналдар коллекцияларын, электрондық кітапханаларға, электрондық кітаптар коллекцияларына және жекелеген атауы бар электрондық журналдар мен кітаптарға қол жеткізу қызметтерін сатып алу;

24) тармақта Қамқориылық кеңестің 2012 жылды 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

24) тапсырыс берушінің алқалық атқаруышы органы бекіткен тізбе бойынша күнделікті және/немесе апта сайынғы қажеттілікті сатып алушы жүзеге асыру қажет болған жағдайда (жарияланған сәттен бастап тендер қорытындылары бойынша сатып алу туралы шарт жасалғанға дейінгі кезенде), тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

25) тапсырыс берушінің жарғылық мақсаттарына сәйкес қызметкерлер құрамын, талапкерлерді іріктеу және қабылдау қызметтерін сатып алу;

26) медициналық қызмет, білім беру және/немесе ғылым, медициналық қызметті, білім беру, ғылыми-зерттеу процестерін, сәулет, қала құрылышы және/немесе құрылыш қызметін әдіснамалық және/немесе материалдық-техникалық қамтамасыз ету салаларында стратегиялық серіктестерден, оның ішінде олардың еншілес үйымдарынан, сондай-ақ олардың ресми дилерлерінен (дистрибуторлерінен) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

27) қандай да бір өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алған тапсырыс берушіде қолда бар тауарлармен, жабдықпен, технологиямен, жұмыстармен немесе көрсетілетін қызметтермен біріздендіру, стандарттау немесе үйлесімділікті қамтамасыз ету мақсатында нақ сол өнім берушіден басқа да сатып алушы жүргізу қажеттігі туындаса;

28) құрылтайшысы жергілікті атқаруышы орган болып табылатын заңды тұлғадан «Назарбаев Университеті» құрделі құрылышына тапсырыс берушіге бөлінген жер участеклерін сатып алу және құрылыштарды бұзу бойынша жұмыстар мен қызметтерді сатып алу;

29) жобалау алдындағы күжаттаманы дайындау бойынша қызметтерді тапсырыс беруші үшін орындаған өнім берушіден жобалау бойынша қызметтерді сатып алу;

30) тармақта Қамқориылық кеңестің 2014 жылды 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

30) «Назарбаев Университеті» ғылыми, оқу зертханаларын іске қосу үшін жұмыстарды сатып алу;

31) тапсырыс беруші өнім беруші ретінде жасасқан сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

32) тармақ Қамқориылық кеңестің 2014 жылды 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес мына редакцияда мазмұндалады (ескі ред. қара)

32) тапсырыс берушінің жарғылық қызметін іске асыру үшін білім беру үйымынан немесе ғылыми үйымдардан, сондай-ақ олардың еншілес үйымдарынан тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

33) тармақ Қамқориылық кеңестің 2014 жылды 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес мына редакцияда мазмұндалады (ескі ред. қара)

33) коммуналдық және пайдалану қызметтерін, қонақ үй нөмірлерін, апартаменттерді беру, тұрғын және/немесе тұрғын емес үй-жайларды, сондай-ақ «Назарбаев Университетіне» және/немесе оның үйымдарына бөлінген аумақтарды ұстау бойынша қызметтерді төлеу;

34) телефон, ұялы байланыс, деректерді беру (интернет, IP VPN), теледидар қызметтерін сатып алу;

35) Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес алынып тасталды (ескі ред. кара)

Тармақ Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадагы № 7 шешіміне сәйкес 36)-41) тармақшалармен толықтырылды

36) қызметтік тұрғын емес үй-жайларды жалдау қызметтерін сатып алу;

37) санитарлық авиация шеңберінде ауруларды тасымалдау мен олармен бірге жұру бойынша, сондай-ақ санитарлық авиация бөлімшесі бар ауруханалардан медицина қызметтерін сатып алу;

38) қан, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық ахуалы, АИВ/ ЖҚТБ-ның алдын алу, мемлекеттік меншіктегі немесе акциялардың (қатысу үлесінің) 100 % (жұз) пайызы мемлекетке тиесілі салада қызмет жүргізетін денсаулық сақтау ұйымдары көрсететін медициналық қызметтерді сатып алу;

39) мына қызмет түрлері: вивария, микроагзалардың селекциясы, заттар мен материалдардың зертханалық анализі бойынша аккредиттелген ғылыми-зерттеу ұйымдары жүзеге асыратын жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;

40) имидждік өнімді шағыру тауарларын, қызметтерін сатып алу;

41) «Назарбаев Университеті», оның ұйымдарының объектілерін жобалауға/құрылышына шығыс-рұқсат, рұқсат құжаттамасын әзірлеу бойынша қызметтерді сатып алу;

Ереже Қамқоршылық кеңестің 2013 жылғы 12 қыркүйектегі № 12 шешіміне сәйкес 42) тармагымен толықтырылды

42) Назарбаев Университеті» және/немесе оның ұйымдарының құрылыш объектілерін пайдалануға бергенге дейін материалдық-техникалық жабдықтау үшін кешенді жұмыстарды орындайтын стратегиялық әріптестерден тауарларды, жұмыстарды қызметтерді сатып алу.

Ереже Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадагы № 7 шешіміне сәйкес 15-1 тармагымен толықтырылды

15-1) тармагы абызақ Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес мына редакцияда мазмұндалады (ескі ред. кара)

15-1. Ереженің осы тараудағы 15-тармағында көзделген жағдайларда сатып алу Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Ережелердің 3-тармағы 4), 5) тармақшаларында көзделген қағидаттарды сақтай отырып жүргізіледі.

4. Сатып алу тәсілдері

16. Ереженің 15-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, өнім берушіні таңдау мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:

1) тендер. Тендер екі кезеңдік рәсімдер пайдаланыла отырып өткізілуі мүмкін;

2) баға ұсыныстарын сұрату;

3) бір көзден алу;

4) электрондық сатып алу;

5) Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес алынып тасталды (ескі ред. кара)

6) Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес алынып тасталды (ескі ред. кара)

7) сатып алушың ерекше тәртібі.

17. Тапсырыс беруші Ереженің негізінде сатып алу тәсілін таңдайды.

18. Тапсырыс беруші тендер және баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен сатып алушы жүзеге асыру кезінде мыналарға:

1) біртекті болып табылмайтын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді біртектілігі бойынша лоттарға;

2) біртекті жұмыстарды, қызметтерді оларды орындау, көрсету орындары бойынша лоттарға;

3) біртекті тауарларды біртекті тауарлар түрлері және/немесе оларды жеткізу орны бойынша лоттарға бөлуге құқылы.

Сатып алуға қатысуға берілген құжаттарды қарау, салыстыру және бағалау, сондай-ақ Ереженің осы тармағында көрсетілген жағдайларда женімпазды айқындау әрбір лот бойынша жүзеге асырылады.

5. Сатып алушы ұйымдастыруышыны айқындау тәртібі

19. Сатып алушы ұйымдастыру мен жүргізу рәсімін орындау үшін тапсырыс беруші сатып алушы ұйымдастыруышыны айқындауға құқылы.

20) тармақта Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздағы № 14 шешіміне сәйкес озгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

20. Тапсырыс берушінің өзі сатып алушы ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты өз құрылымдық бөлімшесінің атынан сатып алушы ұйымдастыруышы ретінде болуы мүмкін. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алушы өткізу, тендерлік комиссия, сараптама комиссиясы (сарапшы) құрамын бекіту, тендерлік комиссия хатшысын тағайындау тапсырыс берушінің бірінші басшысының немесе өзге уәкілетті тұлға шешімімен ресімделеді.

21) тармақта Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздағы № 14 шешіміне сәйкес мына редакцияда мазмұндалады (ескі ред. қара)

21. Сатып алушы жүргізу мақсатында:

1) «Назарбаев Университеті» сатып алушы ұйымдастыруышы болуға немесе «Назарбаев Университетінің» ұйым(дар)ы үшін сатып алушы ұйымдастыруышыны айқындауға құқылы;

2) тапсырыс беруші сатып алушы ұйымдастыруышы ретінде «Назарбаев Университеті» басқа ұйымын онымен келісе отырып, айқындауға құқылы.»;

22) тармақта Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздағы № 14 шешіміне сәйкес озгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

22. Тендерлік құжаттаманы бекіту тапсырыс берушінің бірінші басшысының немесе өзге уәкілетті тұлғасының шешімімен ресімделеді.

23. Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес атынан тасталды (ескі ред. қара)

24. Сатып алушы ұйымдастыруышыны айқындаған жағдайда тапсырыс беруші(лер) сатып алушы ұйымдастыруышыға мынадай қажетті құжаттарды:

1) сатып алушы ұйымдастыруышыны айқындау, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алушы өткізу, тендерлік құжаттаманы бекіту туралы шешімнің көшірмесін;

2) қосымшаларымен қол қойылған тендерлік құжаттаманы;

3) бекітілген сатып алу жоспарынан үзіндіні;

4) сараптама комиссиясының (сарапшы) құрамы, тапсырыс берушінің өкілдері (тендерлік комиссияның мүшелері), тендерлік/сараптама комиссиясының өзара іс-әрекетін ұйымдастыруға жауапты лауазымды тұлға туралы ақпаратты ұсынады.

25. Сатып алуды ұйымдастырушы тапсырыс берушінің тендерлік құжаттамасының мазмұнына жауапты болмайды.

26. Тапсырыс беруші(лер) сатып алуды ұйымдастырушыға Ереженің 24-тармағында көрсетілген ақпараттағы барлық өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы бірден хабарлайды.

27. Өткізілген сатып алу қорытындылары бойынша тапсырыс беруші(лер) тендерлік комиссияның шешіміне сәйкес өнім беруші(лер)мен сатып алу туралы шарт(тар)ды жасасуға міндettі.

6. Тендер тәсілімен сатып алу

28. Тендер тәсілімен сатып алу рәсімі мынадай жүйелі іс-шараларды өткізу ді көздейді:

1) Ереженің 20-тармағынан басқа, сатып алуды ұйымдастырушыны айқындау;

2) тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды өткізу, тендерлік комиссияның құрамын бекіту, сараптама комиссиясының құрамын бекіту, сарапшыны айқындау (қажет болған жағдайда), тендерлік комиссияның хатшысын тағайындау туралы шешім қабылдау;

3) тендерлік құжаттаманы бекіту;

4) тендер тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарламаны, тендерлік құжаттаманы тапсырыс берушінің интернет-ресурсында орналастыру;

5) тендерлік комиссия хатшысының тендерге қатысуға әлеуettі өнім берушілер өтінімін қабылдау және тіркеу;

6) әлеуettі өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдері салынған конверттерді ашу бойынша тендерлік комиссияның отырысы, әлеуettі өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдері салынған конверттерді ашу хаттамасын ресімдеу және оған қол қою, оны тапсырыс берушінің интернет-ресурсында орналастыру;

7) тендерлік комиссияның әлеуettі өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерін қарастыру, тендер қорытындысын шығару, тендер қорытындысы туралы хаттаманы ресімдеу және оған қол қою, оны тапсырыс берушінің интернет-ресурсында орналастыру;

8) тапсырыс берушімен тендер жеңімпазымен сатып алу туралы шартты жасасу.

6.1. Тендерлік комиссия, сараптама комиссиясы (сарапшы)

29. Тендерлік комиссияның құрамы кемінде 3 (үш) адамнан тұруы тиіс. Тендерлік комиссияның құрамына тендерлік комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары мен мүшелері кіреді.

30. Тендерлік комиссия Ереженің 88-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап жұмыс істейді және өз қызметін тендер қорытындысын шығарғаннан кейін (тендер өтпеген жағдайда) немесе тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы шартты бекіткен күннен бастап өз қызметін тоқтатады.

31) тармақ Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалады (ескі ред. қара)

31) тармагының екінші абзацқа Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздады № 14 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

31. Сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшысы, не сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшысының орынбасары немесе сатып алуды ұйымдастырушының өзге басшысы Тендерлік комиссияның төрағасы болады.

Сатып алуларды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау мақсатында занды тұлғаны белгілеген жағдайда тендерлік комиссия төрағасының орынбасары ретінде тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе тапсырыс берушінің бірінші басшысының орынбасары немесе өзге уәкілетті тұлғасы тағайындалады.

Тендерлік комиссия мүшелерінің саны сатып алуды ұйымдастырушының тендерлік комиссиясы мүшелерінің санынан аспауы тиіс.

32. Тендерлік комиссияның төрағасы:

- 1) тендерлік комиссияның жұмысын жоспарлайды және қызметіне басшылық етеді;
- 2) тендерлік комиссия отырыстарында төрағалық етеді;
- 3) Ережемен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

33. Төраға болмаған кезде оның функциясын тендерлік комиссия төрағасының орынбасары орындайды.

34. Тендерлік комиссия отырыстары тендерлік комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігі қатысқан жағдайда өткізіледі және хаттамамен ресімделеді, оған тендерлік комиссияның мүшелері мен тендерлік комиссияның хатшысы әр парагына қол қояды.

Тендерлік комиссияның мүшесі болмаған жағдайда, тендерлік комиссия отырысының хаттамасында осы фактіні растайтын құжатқа сілтеме жасаумен оның болмау себебі көрсетіледі.

Тендерлік комиссия құрамының қарапайым көпшілігі болмаған жағдайда, сатып алуды ұйымдастырушы кворумға қол жеткізу мақсатында тендерлік комиссияның қатыспаған мүшесін алмастыруды жүргізеді. Тендерлік комиссияның болмаған хатшысын және/немесе сарапшыны алмастыруды міндетті түрде сатып алуды ұйымдастырушы жүргізеді.

35. Тендерлік комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және егер оған тендерлік комиссия мүшелерінің отырыска

қатысқандарының жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Шешім қабылдаған кезде тендерлік комиссия сараптама комиссиясының (сарапшының) қорытындысын есепке алады.

Дауыстар тең болған жағдайда, тендерлік комиссияның төрағасы немесе ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданды деп саналады. Тендерлік комиссияның шешімімен келіспеушілік жағдайында, тендерлік комиссия құрамының кез келген мүшесінің ерекше пікірге құқығы бар, ол жазбаша түрде беріліп, тендерлік комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.

36. Тендерлік комиссия мүшелерінің қайсыбіреуінде мүдделер қайшылығы болған жағдайда, бұл тұлға ол туралы тендерлік комиссияның хатшысына хабарлайды, ол туралы тендер қорытындысы туралы хаттамаға жазба жазылады. Бұл ретте осы тұлға тендерлік комиссияның шешім қабылдауына қатыспайды.

37. Тендерлік комиссияның үйымдастыру қызметін тендерлік комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді. Тендерлік комиссияның хатшысы тендерлік комиссия мүшесі болып табылмайды және тендерлік комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ.

Тендерлік комиссияның хатшысы:

1) тендерлік комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады, тендерлік комиссияны қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді, тендерлік комиссия отырысын өткізуі үйымдастырады;

2) тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасын, тендер қорытындысы туралы хаттаманы, сондай-ақ тендерлік комиссия отырыстарының басқа да хаттамаларын ресімдейді және оларға қол қояды;

3) тендерге қатысуға өтінімдерді ашу сәтінен бастап тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу құжаттары мен материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді;

4) Ережемен көзделген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

38. Техникалық ерекшелікті дайындау, әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігін айқындау үшін тапсырыс беруші/сатып алуды үйымдастырушы сараптама комиссиясын (сарапшыны) құруға құқылы.

39. Тапсырыс берушіде/сатып алуды үйымдастырушыда техникалық ерекшелікті дайындау, әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкестігін айқындау үшін тиісті бейіндегі маманы болмаған жағдайда, тапсырыс беруші/сатып алуды үйымдастырушы сарапшылар ретінде ақысыз негізде мемлекеттік қызметшілерді, ал басқа сарапшыларды ақылы, сол сияқты ақысыз да негізде тараптар келісімі бойынша қатыстыруға құқылы.

Кандай да бір тұлғаны сарапшы ретінде қатыстыру үшін оның қызмет бейінінің сатып алу мәніне сәйкестігі міндетті шарт болып табылады.

40. Сараптама комиссиясын құрған жағдайда тапсырыс беруші/сатып алуды үйымдастырушы тартылған сарапшылар қатарынан сараптама

комиссиясын құрады және олардың арасынан сараптама комиссиясының басшысын белгілейді. Сараптама комиссиясының құрамы 3 (үш) адамнан кем болмауы тиіс.

41. Сараптама комиссиясы (сарапшы) әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігі мәніне сараптама қорытындысын береді және оның тендерлік комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды.

Сараптама қорытындысы жазбаша түрде ресімделеді, оның әрбір параграфына сараптама комиссиясының мүшелері (сарапшы) қол қояды және тендер қорытындысы туралы хаттамаға қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

42. Сарапшы сараптама комиссиясының қорытындысымен келіспегені жағдайда, ол ерекше пікірін жазбаша түрде береді, ол сараптама комиссиясының қорытындысына қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

6.2. Тендерлік құжаттама

43. Тендерлік құжаттамада мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

1) тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының атауы мен орналасқан орны;

2) жариялануға тиіс ақпаратты орналастыру жоспарланатын интернет-ресурстың электрондық мекенжайы;

3) қосылған құн салығын есепке алмай, тендер тәсілімен өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомалар туралы мәліметтер;

4) белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың қажетті бөлімін, техникалық ерекшеліктерді, ал қажет болған жағдайда - нормативтік-техникалық құжаттаманы көрсетуді қоса алғанда, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сипаты мен талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары;

5) өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарлардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемдері;

6) тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны мен шарттары;

7) тауарды жеткізудің, жұмыстар орындаудың, қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімдері (кестесі), ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сапасына кепілдік беру;

8) төлемнің негізгі шарттары және елеулі шарттарды көрсете отырып, сатып алу туралы шарттың жобасы;

9) тармаққа Қамқоршылық кеңестің 2012 жылдың 12 қарашадағы № 7 шешіміне сайкес озгерістер енгізілді (ескі ред. кара)

9) әлеуетті өнім берушілердің бағаның шартты түрде төмендеуіне әсер ететін тендерге қатысуға өтінімдерін бағалау мен салыстыру критерийлерінің сипаты;

10) банктік кепілдік түрінде тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің енгізу шарттары, мазмұны мен көлемі;

11) тармақта Қамқоршылық кеңестің 2012 жылды 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

11) баға ұсынысының мазмұнына қойылатын талаптар:

әлеуettі өнім берушінің баға ұсынысы бірлік бағасынан, сондай-ақ оған енгізілген тасымалдау мен сақтандыруға, кедендік баждарды және басқа да салықтарды, алымдарды төлеуге жұмысалатын шығыстармен, сондай-ақ қосылған құн салығын есепке алмай, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарымен көзделген өзге де шығыстар қамтылған тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің жалпы бағасынан тұруы тиіс;

әлеуettі өнім берушінің баға ұсынысы тендерлік құжаттамада айқындалған тапсырыс беруші талаптарында берілген тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің жалпы бағасына жеңілдіктерден, сондай-ақ төлемнің балама шарттарын есепке ала отырып, әлеуettі өнім беруші ұсынған жалпы бағадан (жеңілдіктен) тұруы мүмкін.

Тендерлік комиссия әлеуettі өнім берушінің балама төлем шарттарын қабылдауға құқылы.

12) тендерге қатысуға өтінімдер жасау мен ұсыну тіліне қойылатын талаптар;

13) әлеуettі өнім берушінің баға ұсынысы көрсетілуі тиіс валюта немесе валюталар.

Егер тендерге қатысушылардың баға ұсыныстары әртүрлі валюталарда көрсетілсе, онда оларды бағалау және салыстыру үшін олар Қазақстан Республикасының валютасы – теңгеге, тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша аударылады;

14) әлеуettі өнім беруші оның (және егер тендерлік құжаттама талаптарымен әлеуettі өнім берушінің қосалқы мердігерлерді/қоса орындаушылар тартуы көзделген жағдайда, олар тартатын қосалқы мердігерлердің/қоса орындаушылардың) тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігін растауда ұсынатын құжаттардың тізбесі;

15) әлеуettі өнім беруші қосалқы мердігерлерге (қоса орындаушыларға) өткізілетін сатып алушың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету үшін беруі мүмкін жұмыстар мен қызметтердің шекті көлемдері.

Әлеуettі өнім берушінің қосалқы мердігерлерге (қоса орындаушыларға) қосалқы мердігерлікке (қоса орындауга) жұмыстар, қызметтер (құрылыш құны) көлемінің 2/3 (екіден үш) астамын беруіне рұқсат етілмейді;

16) сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді және/немесе алдын ала төлем/аванс сомасына сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу шарттары, көлемі мен тәсілі (тендерлік құжаттамада осындай қамтамасыз ету қарастырылған жағдайда);

17) тендерге қатысуға өтінім салынған конвертті беру тәртібі, тәсілі, орны мен түпкілікті мерзімі және тендерге қатысуға өтінімнің талап етілетін қолданылу мерзімі;

18) тендерлік құжаттама ережелерін түсіндіру бойынша әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізу шарттары (тендерлік құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізу көзделген жағдайда), сондай-ақ олардың көмегімен әлеуетті өнім берушілер тендерлік құжаттама мазмұны бойынша түсініктемелер сұрай алатын тәсілдер.

Бұл ретте сатып алушы үйымдастыруши сұраныс түскен сәттен бастап 3 (үш) күннен кешіктірмей, сұраныс кімнен түскенін көрсетпей-ақ, оған жауап беруге, сондай-ақ тендерлік құжаттама орналастырылған интернет-ресурста жауапты орналастыру арқылы тендерлік құжаттаманы алған барлық әлеуетті өнім берушілерді осы түсініктеме туралы хабардар етуге міндетті;

19) тендерлік құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу тәртібі мен мерзімдері.

Бұл ретте тендерге қатысуға өтінімдерді берудің түпкілікті мерзімі кемінде 5 (бес) күнтізбелік күнге ұзартылады. Тапсырыс беруші/сатып алушы үйымдастыруши тендерлік құжаттаманы алған барлық әлеуетті өнім берушілерді тендерлік құжаттама орналастырылған интернет-ресурста енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар мәтінін орналастыру арқылы тендерлік құжаттамаға өзгерістер және/немесе толықтыруларды бекіткен күннен бастап 3 (үш) күн ішінде тендерлік құжаттаманың өзгеруі және/немесе толықтырылуы және тендерге қатысуға өтінім берудің өзгерген мерзімі туралы хабардар етеді;

20) әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімді берудің қорытынды мерзімі өткенге дейін өз өтінімін өзгерту немесе кері алу құқығын көрсету;

21) тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу орны, күні мен уақыты;

22) тендерге қатысуға өтінімдер салынған конвертті ашу рәсімінің, тендерге қатысуға өтінімдерді қарау, тендерге қатысуға өтінімдерді бағалау және салыстыру сипаты;

23) әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерін қабылдамау негіздемелері туралы ақпарат;

24) тендер қорытындылары бойынша сатып алу туралы шарт жасасу тәртібі;

25) әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) сенімсіз деп тану негіздемелері туралы ақпарат.

44. Тендерлік құжаттамада тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шыққан орнының атауы мен өндірушінің атауына, сондай-ақ негізгі (орнатылған) жабдықтарды толық жинақтау, жаңарту және толық жараптандыру үшін тауарларды сатып алушы жүзеге асыру жағдайларынан басқа, сатып алынатын тауардың, жұмыстардың, қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындастырын өзге

де сипаттамаларға сілтемелердің болуына жол берілмейді.

45) тармаққа Қамқоршылық кеңестің 2012 жылды 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес озгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

45. Тендерлік құжаттамада бағаны шартты түрде төмендетуге ықпал ететін тендерге қатысуға өтінімдерді бағалау мен салыстырудың міндettі критерийлері көзделеді:

1) әлеуетті өнім берушіде жеткізілген тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру актілерінің тиісті түпнұсқаларымен немесе нотариалды куәландырылған көшірмелерімен расталған соңғы 10 (он) жыл ішінде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы (жұмыс тәжірибесінің 3 (үш) жылы үшін бағаны 1,5%-ға (бір бүтін бес ондық пайызға) және әрбір кейінгі 1 (бір) жыл жұмыс үшін 0,5%-ға (ноль бүтін бес ондық пайызға), бірақ 5%-дан (бес пайыздан) аспайтын шартты түрде төмендету);

2) егер тендерлік өтінімде тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің кепілдік беру кезеңі (егер сатып алу талаптарында кепілдік кезең көзделсе) тендерлік құжаттамада көрсетілген негізгі бағадан астам болса (әрбір жыл ішінде бағаны 1 % (бір пайызға), бірақ 5%-дан (бес пайыздан) аспайтын шартты түрде төмендету). Бұл ретте тапсырыс беруші тендерлік құжаттамадағы сатып алу туралы шарттың жобасында кепілдік беру кезеңінде сатып алу туралы шарттың бағасынан ұстап қалу мөлшерін (пайызбен) белгілеуге құқылы.

46. Тендерлік құжаттамада тендерге қатысушы тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді, өзінің:

1) тендерге қатысуға өзінің өтінімін табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін өзінің өтінімін кері қайтарып алмайтындығының не өзгертпейтіндігінің және/немесе толықтырмайтындығының;

2) тармақшаса Қамқоршылық кеңестің 2012 жылды 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес озгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

2) оны тендердің жеңімпазы деп таныған жағдайда, тендер қорытындылары туралы хаттамада/салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні тендердің жеңімпазы деп белгілеу туралы хаттамада белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушімен сатып алу туралы шарт жасасатындығының және сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді және/немесе алдын ала төлем/аванс сомасына сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді (егер тендерлік құжаттамада (сатып алу туралы шарттың жобасында) қамтамасыз ету көзделген жағдайда) енгізетіндігінің кепілі ретінде тендерге қатысушы белгілеген мерзімдерде тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізуі көзделуі мүмкін.

47. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін тендерге (лотқа) бөлінген сомадан 1% (бір пайыз) мөлшерде банктік кепілдік түрінде енгізіледі. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тендерге қатысуға өтінімнің қолданылатын мерзімінен кем болмауы қажет. Бұл ретте тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тендерге қатысуға

өтінім салынған конвертті ұсынудың соңғы мерзімнен бастап саналады.

48. Тендерге қатысуға өтінімдердің қамтамасыз етуі жоқ барлық тендерге қатысуға өтінімдерді тендерлік комиссия тендерлік құжаттама талаптарына жауап бермейтіндер ретінде кері қайтарады.

49. Әлеуетті өнім беруші енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету оның өкіліне сұрауы бойынша мынадай:

1) осы әлеуетті өнім берушінің өтінімді берудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін тендерге қатысуға өз өтінімін қайтарып алуы;

2) тендердің қорытындылары туралы хаттамаға қол қою. Көрсетілген жағдай жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім берушіге, сондай-ақ екінші орын алған қатысушыға қолданылмайды.

3) сатып алу туралы шарт қүшіне енген және тендер жеңімпазының сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді және/немесе алдын ала төлем/аванс сомасына сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізуі (егер тендерлік құжаттамада мұндай қамтамасыз ету көзделген жағдайда);

4) тендерге қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі өткен жағдайларда қайтарылады.

50. Әлеуетті өнім беруші енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету мынадай:

1) әлеуетті өнім беруші өтінімді берудің түпкілікті мерзімі өткеннен кейін тендерге қатысуға өтінімін қайтарып алған не өзгерген және (немесе) толықтырған;

2) тендердің жеңімпазы деп белгіленген немесе салыстыру мен бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарған;

3) тармақшага Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес озгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

3) тендердің жеңімпазы сатып алу туралы шартты жасасып, сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу және/немесе енгізу мерзімдері және/немесе алдын ала төлем/аванс сомасына сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз ету туралы тендерлік құжаттамада белгіленген талапты орындаған немесе уақтылы орындаған;

4) тармақшага Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес озгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

4) әлеуетті өнім беруші – Қазақстан Республикасының резиденті емес, тендерлік құжаттамада белгіленген мерзімдерде нотариалды куәландырылған лицензия көшірмесін және/немесе мемлекеттік электрондық тізбeden алынған электрондық лицензияның деректерін тексеру үшін электрондық лицензияның көшірмесін (егер қызмет міндетті түрде лицензиялануға тиіс болса) бермеген жағдайлардың бірі басталған кезде ұсталынады.

51. Егер әлеуетті өнім беруші екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, тендер тәсілімен сатып арудын бірінші кезеңіне қатысса, әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізбейді.

6.3. Тендер тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарлама, тендерлік құжаттамамен таныстыру

52. Сатып алуды үйымдастыруши әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерді беруінің соңғы күніне дейін кемінде 14 (он төрт) күнтізбелік күн қалғанда:

- 1) тапсырыс берушінің интернет-ресурсында тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама мәтінін орналастыруға;
- 2) тапсырыс берушінің интернет-ресурсында бекітілген тендерлік құжаттаманы орналастырға міндетті.

Колданылу мерзімі тапсырыс берушінің интернет-ресурсында хабарлама орналастырылған күннен басталады.

53. Тендер тәсілімен сатып алу өткізу туралы хабарлама мынадай мәліметтерден тұруы тиіс:

- 1) тапсырыс берушінің/сатып алуды үйымдастырушының толық атауы, электрондық және пошталық мекенжайы;
- 2) жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың атауы;
- 3) тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің атауы, сондай-ақ талап етілетін көлемі, орны мен мерзімдері (сатып алуды үйымдастыруши осы ақпараттың тендерлік құжаттамада болуын көрсетуге құқылы);
- 4) тендерлік құжаттама көшірмесін алу тәсілі;
- 5) тендерге қатысуға өтінімдерді беру орны мен түпкілікті мерзімі, сондай-ақ тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу күні, уақыты мен орны;
- 6) әлеуетті өнім беруші өкілінде тендерге қатысуға өтінімді беру бойынша өкілеттіктердің болуы туралы шарт.

Тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламада бар мәліметтер тендерлік құжаттамада көрсетілген мәліметтерге сәйкес келуі тиіс.

Тапсырыс берушінің интернет-ресурсында хабарламаларды орналастырғанға дейін тендерлік құжаттаманы беруге рұқсат етілмейді.

54. Тендерлік құжаттаманы тапсырыс беруші/сатып алуды үйымдастыруши интернет-ресурстан тегін береді.

55. Ереженің 85-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес тендер тәсілімен қайта сатып алуды өткізген жағдайда, тапсырыс беруші/сатып алуды үйымдастыруши әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерін берудің соңғы күніне дейін кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн қалғанда тендерлік құжаттама талаптарының өзгермеу шартымен Ереженің 52-тармағының 1), 2)-тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындауға құқылы.

6.4. Тендерге қатысуға өтінімдердің мазмұны, ресімделуі және берілуі

56. Тендерге қатысуға өтінім әлеуettі өнім берушінің тендерлік құжаттамада белгіленген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге келісімін білдіру нысаны болып табылады.

57. Тендерге қатысуға өтінім мыналарды:

1) тармақшага Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес озгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

1) баға ұсынысымен, әлеуettі өнім берушінің алдын ала төлемнен/аванстан жазбаша бас тартуымен (егер тендерлік құжаттаманың негізгі төлем шарттарымен алдын ала төлем/аванс көзделсе), әлеуettі өнім берушінің мөрі басылған (болған кезде) тендерге қатысуға толтырылған және қол қойылған өтінімді. Соңғы жағдайда алдын ала төлем/аванс сомасына сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді табыс ету туралы міндеттеме қолданылмайды (сатып алу талаптарымен мұндай қамтамасыз ету көзделген жағдайда);

2) тармақшага Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес озгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

2) әлеуettі өнім берушінің мөрі басылған (болған кезде) толтырылған және қол қойылған офертті (тапсырыс беруші сатып алу кезінде инженер-консультанттардың халықаралық федерациясының (ФИДИК) нысаны бойынша шарт жобасын қолданғанда);

3) тармақшага Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес озгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

3) нотариалды куәландырылған лицензияның көшірмесін және/немесе мемлекеттік электрондық тізбeden алынған электрондық лицензияның деректерін тексеру үшін электрондық лицензияның көшірмесін (қызмет міндетті түрде лицензиялануға тиіс болған жағдайда);

Құрылыш жұмыстарын және/немесе кешенді жұмыстарды (қажет болған жағдайда) сатып алу кезінде тендерлік құжаттама талаптарымен тиісті лицензиясы болмаған әлеуettі өнім беруші – Қазақстан Республикасының резиденті емес тендердің жеңімпазы деп танылған жағдайда, қорытындылар туралы хаттамаға/салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуettі өнім берушінің тендердің жеңімпазы деп белгілеу туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен астам емес мерзімде тиісті лицензия алу және тапсырыс берушіге лицензияның нотариалды куәландырған көшірмесін және/немесе мемлекеттік электрондық тізбeden алынған электрондық лицензияның деректерін тексеру үшін электрондық лицензияның көшірмесін ұсыну туралы, әлеуettі өнім берушінің бірінші басшысы қол қойған және оның мөрі басылған (болған кезде) кепілхаттың түпнұсқасын ұсынуға міндетті деп көзделуі мүмкін.

4) әлеуettі өнім берушінің мөрі басылған (болған кезде), қол қойылған техникалық ерекшелікті және тендерлік құжаттаманың техникалық ерекшелігімен көзделген талаптарға сәйкес ресімделген басқа құжаттарды;

5) банктік кепілдік түрінде тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді;

6) Ереженің 45-тармағында көрсетілген бағалау мен салыстыру

критерийлерінің өтінімге қолданылуын растайтын құжаттарды;

7) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы қуәліктің нотариалды куәландағырылған көшірмесін;

жеке тұлға үшін – жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың нотариалды куәландағырылған көшірмесін;

консорциум үшін – консорциумның мүшелері арасында жасалған консорциум туралы келісімнің нотариалды куәландағырылған көшірмесін және консорциумның әрбір қатысуышыларының кәсіпкерлік субъектісі ретінде/мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы қуәліктің нотариалдық куәландағырылған көшірмелерін;

8) тармақшага Қамқоришилық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес озгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

8) құрылтайшылар (қатысуышылар немесе акционерлер) туралы мәліметтерді қамтитын құжатты:

заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жарғының нотариалды куәландағырылған көшірмесін (консорциум қатысқан жағдайда әрбір консорциум қатысуышы жарғысының нотариалды куәландағырылған көшірмесі беріледі);

конверттерді ашу күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзім қалғанда берілген акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзіндінің нотариалды куәландағырылған көшірмесін;

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысуышыларының тізілімін жүргізген жағдайда серіктестік қатысуышыларының тізілімінен үзіндінің нотариалды куәландағырылған көшірмесі беріледі.

9) әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысын тағайындау (сайлау) туралы құжаттың түпнұсқасы немесе нотариалды куәландағырылған көшірмесін;

10) әлеуетті өнім берушінің жарғысына сәйкес сенімхатсыз әлеуетті өнім берушінің атынан әрекет етуге құқығы бар әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысын қоспағанда, тендерге қатысуға өтінімнен тұратын құжаттарға қол қою құқығына әлеуетті өнім берушінің мұдделерін білдіретін тұлғаға (тұлғаларға) сенімхатты;

11) тармақшага Қамқоришилық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес озгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

11) әлеуетті өнім берушінің мөрі басылған (болған кезде) жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлер/қызметтер көрсету бойынша қоса орындаушылар туралы толтырылған және қол қойылған мәліметтерді (егер тендерлік құжаттама талаптарымен әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерді/қоса орындаушыларды тартуы көзделген жағдайда).

Әлеуетті өнім беруші өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлерді (қызметтерді көрсету кезінде қоса орындаушыларды) тартқан жағдайда, тендерге қатысуға өтінімде міндетті тұрде лицензиялауға жататын қызмет болжамдалатын қосалқы мердігер орындастын жұмыстарға (қоса орындаушы көрсететін қызметтерге) лицензиялардың нотариалдық куәландағырылған көшірмелері және/немесе мемлекеттік электрондық тізбeden алынған электрондық

лицензияның деректерін тексеру үшін электрондық лицензияның көшірмесі қамтылуы қажет.

58. Әлеуетті өнім беруші – Қазақстан Республикасының резиденті емес Ереженің 57-тармағымен көзделген, Қазақстан Республикасы резиденттері тапсыратын құжаттарды немесе тендерлік құжаттама тіліне нотариус куәландырған аудармасымен, ұқсас мәліметтер бар құжаттарды тапсырады.

59. Тендерге қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі тендерлік құжаттамада белгіленген талап етілетін мерзімге сәйкес келуі тиіс. Тендерге қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі тендерге қатысуға өтінім салынған конвертті ұсынудың соңғы мерзімінен бастап саналады.

60. Тендерге қатысуға өтінімді әлеуетті өнім беруші немесе оның уәкілетті тұлғасы тендерлік құжаттамада көрсетілген өтінімді берудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін жабылған конвертте береді, ол тігілуі, беттері не параптарты нөмірленген болуы тиіс, соңғы беті немесе парагы әлеуетті өнім берушінің қолымен және мөрімен (болған кезде) расталады.

Кол қойылған техникалық ерекшелік (тігілген түрде, нөмірленген беттері не параптарты бар, соңғы беті немесе парагы әлеуетті өнім берушінің қолымен және мөрімен (болған кезде) куәландырылған) және банк кепілдігі түрінде тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету бөлек салынады. Бұл ретте тігілген техникалық ерекшелік пен банктік кепілдікті тендерге қатысуға өтінімнің құрамында беру оны қабылдамау үшін негіз болып табылмайды.

Тендерге қатысуға өтінімнің құрамында тігілген банктік кепілдікті берген жағдайда бұл банктік кепілдік әлеуетті өнім берушіге қайтарылмайды.

61. Тендерге қатысуға өтінім салынып жабылған конверттің беткі жағында әлеуетті өнім беруші мыналарды:

әлеуетті өнім берушінің толық атауы мен пошталық мекенжайын;

тендерлік құжаттамада көрсетілген осыған ұқсас мәліметтерге сәйкес келуі тиіс тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастыруышының толық атауы мен пошталық мекенжайын;

оған қатысу үшін әлеуетті өнім берушінің тендерге қатысуға өтінімі берілетін тендердің (лоттың) атауын көрсетуге тиіс.

Тендерлік құжаттамада көрсетілген өтінім салынған конвертті берудің түпкілікті мерзімі өткеннен кейін тендерге қатысуға өтінімнің құрамдас бөлігі болып табылатын тендерге қатысуға өтінім салынған конвертті не құжаттарды және/немесе материалдарды беруге рұқсат етілмейді.

Белгіленген мерзім өткеннен кейін берілген тендерге қатысуға өтінім салынған конверт тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына тіркелмейді және әлеуетті өнім берушігে қайтарылады.

62. Тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді белгіленген мерзім өткенге дейін берген әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтерді сатып алуды ұйымдастыруыш тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына хронологиялық тәртіппен енгізеді.

63. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімді беру мерзімі

аяқталғаннан кешіктірмей:

1) тендерге қатысуға енгізілген өтінімді өзгертуге және/немесе толықтыруға;

2) тендерге қатысуға өтінімді ол енгізген қамтамасыз етуге құқығын жоғалтпай тендерге қатысуға өзінің өтінімін қайтарып алуға құқылы.

Тендерге қатысуға өтінім салынған конвертті берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерге қатысуға өтінімді қайтарып алуға тең өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге болмайды.

Ереже Қамқориылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес 63-1-тармақпен толықтырылды (ескі ред. кара)

63-1. Тендерге қатысуға берілетін өтінімге өзгерістерді және/немесе толықтыруларды енгізу Ереженің 57, 60, 61-тармақтарына сәйкес ресімделуі және тендерге қатысуға берілетін өтінімге ұқсас түрінде берілуі тиіс.

Әлеуетті өні берушінің тендерге қатысуға беріген өтінімін қайта шақырып алу тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының атына еркін жазылған хат түрінде ресімделеді.

64. Әлеуетті өнім беруші тендер тәсілімен сатып алуға өзінің қатысуына байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс берушіге/сатып алуды ұйымдастырушыға (тендерлік комиссия, сараптама комиссиясы (сарапшы), тендерлік комиссияның хатшысы) тендер тәсілімен сатып алу қорытындыларына қарамастан, мұндай шығыстарды өтеу бойынша міндеттемелер жүктелмейді.

6.5. Тендерге қатысуға ариалған өтінім салынған конверттерді ашу

65. Әлеуетті өнім берушілер не олардың уәкілетті тұлғалары конверттерді ашу бойынша тендерлік комиссия отырыстарына қатысуға құқылы. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлардан басқа, тендерлік комиссия отырыстарын аудио- және бейнеказуға рұқсат етіледі.

66. Тендерлік комиссия тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді тендерлік құжаттамада көрсетілген күні, уақытта және орында ашады.

Тендерлік комиссия тендерге қатысуға өтінім салынған әрбір конвертті ашқан кезде тендерге қатысуға өтінімде қамтылған құжаттар мен материалдар тізбесі туралы ақпаратты жариялады.

67. Тендерлік комиссия отырысы басталғанға дейін тендерлік комиссияның хатшысы тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімін жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушілердің мүдделерін білдіруге әлеуетті өнім берушілер өкілдерінің құжатты түрде ресімделген өкілеттігін тексереді.

68. Егер тендерге (лотқа) тендерге (лотқа) қатысуға тек 1 (бір) ғана өтінім ұсынылған жағдайда тендерге қатысуға өтінім ашылады.

69. Конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссияның отырысы мынадай дәйектілікпен өтеді:

1) тендерлік комиссияның төрағасы немесе төраға анықтаған адам қатысушыларды:

тендерлік комиссияның құрамы, тендерлік комиссияның хатшысы;

әлеуетті өнім берушілердің сұрау салуларының болуы не болмауы, сондай-ақ тендерлік құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізу;

тендерлік құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу фактісінің болуы немесе болмауы, сондай-ақ себептері;

тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеу журналында тіркелген тендерге қатысуға өтінімдерді белгіленген мерзімде берген әлеуетті өнім берушілер туралы ақпараттандырады;

осы тендер бойынша өзге де ақпаратты жария етеді;

тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашады және өтінімде қамтылған құжаттардың тізбесін, сондай-ақ баға ұсыныстарында әлеуетті өнім берушілер мәлімдеген бағаны және женілдіктерді (болған кезде) жария етеді;

2) тендерлік комиссияның хатшысы:

әлеуетті өнім берушілерді немесе олардың уәкілетті өкілдерін тапсырыс берушінің интернет-ресурсында тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашудың қол қойылған хаттамасының мәтінін орналастыру мерзімі туралы ақпараттандырады;

тендерлік комиссияның іс-әрекетіне (немесе әрекетсіздігіне) қарсы шағымның немесе қарсылықтың болуы туралы әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті өкілдерінен сұрайды.

70. Тендерлік комиссияның хатшысы тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашудың тиісті хаттамасын ресімдейді.

71. Тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасына тендерлік комиссияның мүшелері мен хатшысы әр бетіне қол қояды.

72. Тендерлік комиссияның көрсетілген отырыс күнінен кейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алуды ұйымдастыруши тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашудың қол қойылған хаттамасының мәтінін тапсырыс берушінің интернет-ресурсына орналастырады.

73. Тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасында мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

1) отырысты өткізу күні, уақыты мен орны;

2) тендерлік комиссияның құрамы;

3) тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына сәйкес хронологиялық тәртіппен өтінімдерді беру күні мен уақытын көрсетіп, белгіленген мерзімдерде өтінімдерді берген әлеуетті өнім берушілердің атауы, заңды мекенжайы;

4) өтінімнің мазмұны, баға ұсыныстарында әлеуетті өнім беруші мәлімдеген бағалар мен женілдіктер (болған кезде) туралы ақпарат;

5) тендерге қатысуға өтінімдердің кері қайтарылуы және өзгеруі туралы ақпарат;

6) конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссия отырысының барысында өтініш берген әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті өкілдерінің тендерлік комиссияның іс-әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) қарсы шағымдары немесе қарсылықтары.

74. Тендерге қатысуға өтінімдер болмаған жағдайда тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасы ресімделмейді.

6.6. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарау және тендердің корытындыларын шығару

75. Тендерге қатысуға өтінімдерді тендерлік комиссия тендерлік құжаттаманың талаптарына өтінімнің сәйкестігі мәніне қарайды. Тендерлік құжаттамада көрсетілген негізdemелер бойынша кері қайтарылмаған өтінімдерді ең төменгі баға ұсынған тендер жеңімпазын таңдау мақсатында тендерлік комиссия салыстырып, бағалайды.

76. Өтінімдерді тендерлік комиссия тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Күрделі техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктері бар тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды өткізу кезінде өтінімдерді тендерлік комиссия сараптама комиссиясын (сарапшыны) тарта отырып, тендерге қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарауы мүмкін (қажет болған жағдайда). Бұл жағдайда осы ақпарат тендерлік құжаттамада қамтылуы тиіс.

77. Өтінімдерді қарау кезінде тендерлік комиссия:

1) әлеуетті өнім берушілерден өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру үшін қажетті материалдар мен түсіндірүлерді (ұсынылған баға (жеңілдіктер) және техникалық ерекшеліктерді қоспағанда) сұратуға;

2) өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және занды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

Бұл орайда, тендерге қатысуға өтінімдерді өтінімді жеткіліксіз құжаттармен толықтырумен, құжаттарды ауыстырумен, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтірумен қорытындыланған тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіруге байланысты тендерлік комиссияның сұратулар мен өзге де іс-әрекеттеріне жол берілмейді.

78. Мынадай ресми негізdemелер бойынша тендерге қатысуға өтінімді қабылдамауға жол берілмейді:

1) тендерге қатысуға өтінімде (ұсынылып отырған баға (жеңілдік), техникалық ерекшелік, тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуге енгізуі растайтын құжатты қоспағанда) қате, жаңылыс, жаңылыс жазудың болуы.

2) тендерлік комиссияның тендерге қатысуға өтінімдерді бағалау мен салыстыруға әсер етпейтін (ұсынылып отырған баға (женілдік), техникалық ерекшелік, тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қоспағанда) берілген құжаттардың нысандарында ақпараттың (банктік деректемелер, куәліктер нөмірлері және басқа ақпараттар) көрсетілмеуі.

79. Егер неғұрлым үздік функционалдық және басқа да сипаттамалары бар тауарлар мен көрсетілетін қызметтер ұсынылса, сондай-ақ неғұрлым үздік технологиялық шешімдер және/немесе жақсы материалдардан жұмыстарды орындау ұсынылса, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелігінің тендерлік құжаттамада көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуіне жол беріледі. Бұл ақпарат сараптама комиссиясының (сарапшының) сараптамалық қорытындысында көрсетілуі тиіс (куру, тарату жағдайларында).

80. Тендерлік комиссия мынадай:

1) тендерге қатысуға өтінім тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп танылған;

2) егер әлеуетті өнім беруші осы тендерге (лотқа) қатысуға өтінім берген басқа әлеуетті тұлғаның аффилиирленген тұлғасы болған;

3) егер әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы сатып алу үшін бөлінген сомадан асқан;

4) тармақшага Қамқорышылық кеңестің 2012 жылды 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

4) егер әлеуетті өнім беруші және/немесе оның қосалқы мердігері (бірге орындаушысы)/консорциумға кіретін заңды тұлға сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесіне кірген жағдайларда, өтінімді қабылдамайды.

81. Қабылданған өтінімдерді тендерлік құжаттамада қамтылған өлшемдерге сәйкес тендерлік комиссия салыстырып, бағалайды. Тендердің женімпазы тендерлік құжаттамадағы өлшемдерді пайдалануды ескере отырып, есептелетін ең тәменгі шартты баға негізінде анықталады.

Салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттамада қамтылған өлшемдерді қолдануды ескере отырып, есептелетін ең тәменгі шартты баға негізінде анықталады.

Тендерлік баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған жағдайда тендерге қатысуға өтінімін бұрын ұсынған әлеуетті өнім беруші женімпаз (немесе салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орынға ие болған әлеуетті өнім беруші) болып танылады.

82. Тендердің қорытындылары хаттамамен ресімделеді. Тендер қорытындылары туралы хаттамаға тендерлік комиссияның мүшелері мен хатшысы әр бетіне қояды.

83. Тендер қорытындылары туралы хаттамада мынадай ақпарат қамтылуы тиіс:

1) қорытындыларды шығару орны мен уақыты туралы;

2) тендерге қатысуға әлеуетті өнім берушілерден түскен өтінімдер

туралы;

3) қосылған құн салығын есепке алмай, сатып алу жоспарында көзделген сатып алу үшін бөлінген сома туралы;

4) қабылданбаған өтінімдер, қабылданбау негіздемелері туралы;

5) тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келді деп танылған әлеуетті өнім берушілер туралы;

6) бағалау өлшемдерін қолдану нәтижелері туралы;

7) тендердің қорытындылары туралы;

8) егер тендер болып өткен жағдайда, сатып алу туралы шартты жасасу сомасы мен мерзімдері туралы;

9) тендердің жеңімпазы туралы, сондай-ақ екінші орын алған әлеуетті өнім беруші туралы;

10) Ереженің 77-тармағына сәйкес сұраулар әлеуетті өнім берушілерге, тиісті мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға жіберілгені туралы мәліметтер;

11) тендерлік комиссияның қалауы бойынша өзге ақпарат.

84. Тендерді тендерлік комиссия мынадай:

1) тендерге қатысуға берілген өтінімдер болмаған;

2) тендерге қатысуға әлеуетті өнім берушілер 2 (екі) өтінімнен кем өтінім тапсырған;

3) егер Ереженің 80-тармағында көзделген негіздемелер бойынша тендерлік комиссия қабылдамағаннан кейін әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға кемінде 2 (екі) өтінімі қалса;

4) жеңімпаз және екінші орын алған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартты жасасудан бас тартқан;

5) тендердің жеңімпазы сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді және/немесе Ереженің 88-тармағына сәйкес алдын ала төлем/аванс сомасына сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді (егер сатып алу шарттарымен мұндай қамтамасыз ету көзделсе) ұсынбаған жағдайларда өткізілмеді деп таниды.

85. Егер тендер тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылса, тапсырыс беруші мынадай шешімдердің біреуін қабылдауға құқылы:

1) тендер тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;

2) тендерлік құжаттаманы өзгерту және тендер тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;

3) бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы.

86. Ереженің 85-тармағының 3) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асырған жағдайда, тапсырыс беруші тендерлік құжаттамада көзделген талаптармен сатып алу туралы шартты жасасады.

87. Сатып алуды ұйымдастыруши тендер қорытындылары туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) жеңімпазға хабарлама жібереді;

2) тендер қорытындылары туралы хаттаманы тапсырыс берушінің интернет-ресурсына орналастырады.

88. Тендерлік құжаттамаға сатып алу туралы шарттың жобасымен

көзделген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі тендер жеңімпазы банктік кепілдік түрінде сатып алу туралы шартты жасаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынады.

Тапсырыс беруші алдын ала төлем/аванс сомасына сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі көздеуге және ұсыну мерзімін белгілеуге құқылы, ал ол болмаған жағдайда алдын ала төлем/аванс сомасын тапсырыс беруші банктік кепілдіктің ұсынылуына қарай аударады.

Егер банктік кепілдік көрсетілген мерзімде ұсынылмаған болса, онда тапсырыс беруші бір жақты тәртіппен сатып алу туралы жасалған шартты бұзады, әлеуетті өнім беруші енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету ұсталады және тендерлік комиссия тендердің жеңімпазы ретінде салыстыру және бағалау қорытындысы бойынша екінші орынды иеленген әлеуетті өнім берушіні белгілейді.

89. Тендерлік комиссияның салыстыру және бағалау қорытындысы бойынша екінші орынды иеленген әлеуетті өнім берушіні тендер жеңімпазы деп белгілеуі туралы шешімі салыстыру және бағалау қорытындысы бойынша екінші орынды иеленген әлеуетті өнім берушіні тендер жеңімпазы деп белгілеу туралы хаттамамен ресімделеді, онда сатып алу туралы шартты жасау сомасы мен мерзімдері қамтылуы тиіс. Сатып алуды ұйымдастырушы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей:

- 1) жеңімпазға хабарлама жібереді;
- 2) салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орынды иеленген әлеуетті өнім берушіні тендердің жеңімпазы деп белгілеу туралы хаттаманы тапсырыс берушінің интернет-ресурсына орналастырады.

90) тармақтың бірінші абзацы Қамқоршылық кеңестің 2012 жылды 12 қарашадағы № 7 шешімінен сәйкес мына редакцияда мазмұндалады (екінші ред. қара)

90. Тапсырыс беруші тендердің қорытындылары туралы хаттамаға/салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орынды иеленген әлеуетті өнім берушіні тендердің жеңімпазы деп белгілеу туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сатып алу туралы шарттың жобасына қол қояды және оны әлеуетті өнім берушігে жібереді.

Тапсырыс беруші қол қойылған сатып алу туралы шарттың жобасын әлеуетті өнім берушігө ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарттың жобасына қол қоюға тиіс.

Ереже Қамқоршылық кеңестің 2012 жылды 12 қарашадағы № 7 шешімінен сәйкес 90-1-тармақпен толықтырылды (екінші ред. қара)

90-1. Егер әлеуетті өнім беруші тендердің қорытындысы туралы хаттамамен белгіленген мерзім ішінде тапсырыс берушігे сатып алу туралы қол қойылған шартты ұсынбаса, онда тапсырыс беруші осындай әлеуетті өнім беруші (өнім берушіні) туралы мәліметті «Назарбаев Университеті» Атқарушы органымен белгіленген тәртіппен Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесіне енгізу үшін ақпарат жібереді, сатып алуды ұйымдастырушы тендерге қатысуға берілген өтінімге әлеуетті өнім беруші енгізген қамтамасыз етуді ұстап қалады және тендерлік комиссия салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын

алған әлеуетті өнім берушіні тендердің жеңімпазы деп белгілейді.

91) тармақтың бірінші абзацы Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес мына редакцияда мазмұндалады (екінші ред. қара)

91. Құрделі техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктері бар тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды өткізу кезінде (қажет болған жағдайда), сондай-ақ Ереженің 57-тармағы 3) тармақшасының екінші абзацымен көзделген жағдайларда, қорытындылар туралы хаттамаға/салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орынды иеленген әлеуетті өнім берушіні тендердің жеңімпазы деп белгілеу туралы хаттамаға қол қойылған күнінен бастап 50 (елу) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде тендердің қорытындысы бойынша сатып алу туралы шарт жасалады. Мұндай жағдайда бұл ақпарат тендерлік құжаттамада қамтылуы тиіс.

Ереженің 57-тармағы 3) тармақшасының екінші абзацымен көзделген жағдайларда әлеуетті өнім берушінің - Қазақстан Республикасының резиденті еместің лицензияның нотариалды куәландырылған көшірмесін және/немесе мемлекеттік электрондық тізбeden алғынған электрондық лицензияның деректерін тексеру үшін электрондық лицензияның көшірмесін ұсынуы сатып алу туралы шартты жасаудың талабы болып табылады және оны/оларды көрсетілген мерзімдерде ұсынбаған жағдайда сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім беруші - Қазақстан Республикасының резиденті емес енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады және тендерлік комиссия салыстыру мен бағалау қорытындылары бойынша екінші орынды иеленген әлеуетті өнім берушіні тендердің жеңімпазы деп белгілейді, бұл ретте Ереженің 89-тармағында көзделген ішшаралар жүргізіледі.

92. Өткізілген сатып алу талаптарының мазмұнын өзгертуі мүмкін сатып алу туралы шарт жобасының елеулі талаптарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге рұқсат етілмейді.

93. Сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді және/немесе Ереженің 88-тармағына сәйкес алдын ала төлем/аванс сомасына сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді (егер осындай жағдай сатып алу туралы шарттың жобасында және тендерлік құжаттамада көзделген болса) енгізбеген өнім беруші туралы мәліметтерді тапсырыс беруші осындай өнім беруші туралы мәліметті сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесіне енгізуге жібереді.

94. Өткізілген тендерде бұзушылықтар анықталған жағдайда, тендерлік комиссия сатып алу туралы шартты жасаған сәтке дейін тендер қорытындыларының/тендер қорытындысының күшін жоюға, тапсырыс берушінің интернет-ресурсында орналастыру арқылы тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынған барлық әлеуетті өнім берушілерді осы шешім туралы хабардар етуге, әлеуетті өнім берушілерге тендерге қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етуді қайтаруға міндетті.

7. Екі кезеңді тендер өткізу тәсілімен сатып алу

95. Тендерлер екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып:

- 1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктерін тұжырымдау қын болған;
- 2) тапсырыс берушінің мұқтаждықтарын қанағаттандырудың ықтимал жолдармен таныстыру және олардың ең үздігін таңдау қажеттілігі болған;
- 3) тендердің екінші кезеңінде тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын тендерге қатысушылардың тізбесін тендердің бірінші кезеңінде қалыптастыру орынды болған жағдайларда өткізуі мүмкін.

96) тармагының екінші абзацқа Қамқоршылық кеңестің 2014 жылды 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (екінші ред. қара)

96. Екі кезеңді тендер тәсілімен сатып алу рәсімі мынадай дәйекті іс-шараларды өткізуіндегі көздейді:

1) бірінші кезеңде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

екі кезеңді тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды өткізу, тендерлік құжаттаманы бекіту туралы тапсырыс берушінің бірінші басшысының, не тапсырыс берушінің бірінші басшысы орынбасарының, не өзге уәкілетті тұлғасының шешім қабылдауы;

тендерлік комиссияның, сараптама комиссиясының (сарапшы) құрамын бекіту, тендерлік комиссияның хатшысын тағайындау туралы сатып алуды ұйымдастырушының шешім қабылдауы;

екі кезеңді тендер тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды тапсырыс берушінің интернет-ресурсында орналастыру;

тендерлік құжаттаманы әлеуетті өнім берушілерге беру;

екі кезеңді тендердің бірінші кезеңіне қатысуға әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін тендерлік комиссия хатшысының қабылдауы және оны тіркеуі. Екі кезеңді тендердің бірінші кезеңіне қатысуға өтінімдер баға ұсыныстарынсыз беріледі;

екі кезеңді тендердің бірінші кезеңіне қатысуға әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері салынған конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссияның отырысы, әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері салынған конверттерді ашу хаттамасын ресімдеу;

екі кезеңді тендердің бірінші кезеңіне қатысуға әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін тендерлік комиссияның қарауы, тапсырыс берушінің мұқтаждықтарын қанағаттандыру арқылы тендерлік комиссияның сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің ұсынылған техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктерінің негізінде әлеуетті өнім берушілерді іріктеуді жүргізуі, тендердің екінші кезеңіне қатысушылардың тізбесін қалыптастыру, екі кезеңді тендердің бірінші кезеңінің қорытындылары туралы хаттаманы ресімдеу, бірінші кезеңге қатысқан әлеуетті өнім берушілерді оның қорытындылары туралы ақпараттандыру;

2) екінші кезеңде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

қажеттілік болғанда, техникалық ерекшелікті (техникалық тапсырманы) нактылауды қоса алғанда, тапсырыс берушінің тендерлік

құжаттамаға өзгерістер енгізуі;

тапсырыс берушінің тендердің екінші кезеңінің қатысуышыларына нақтыланған тендерлік құжаттаманы және/немесе техникалық ерекшелікті (техникалық тапсырманы) және тендерлік ұсынысты беруге шақыру жіберуі;

тендердің екінші кезеңі қатысуышыларының тендерлік ұсыныстарын тендерлік комиссияның қарауы, тендердің қорытындыларын шығару, тендердің қорытындылары туралы хаттаманы ресімдеу;

сатып алуды ұйымдастырушының тендердің екінші кезеңінің қатысуышыларын оның қорытындылары туралы ақпараттандыруы, екі кезеңді тендердің қорытындылары туралы хаттаманы жариялау;

тапсырыс берушінің тендердің жеңімпазымен сатып алу туралы шарт жасасуы.

97. Егер Ережеде өзгеше көзделмесе, екі кезеңді тендерді өткізу кезінде тендер тәсілімен сатып алу рәсімдері пайдаланылады.

8. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу

98. Егер тапсырыс берушінің ағымдағы қаржы жылына тиісті тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарында көзделген сома қосылған құн салығын есепке алмай, тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 5 000 (бес мың) есе мөлшерінен асып кетпесе, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырған жағдайда, осы тәсілді пайдалануға болады, бұл ретте тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің біртекті түрлерін сатып алудың көлемін бөліктерге бөлшектеуге болмайды.

99) тармагының екінші абзацқа Қамқоршылық кеңестің 2014 жылды 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (екін ред. қара)

99. Сатып алуды ұйымдастыруши баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталатын күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, тапсырыс берушінің интернет-ресурсында электрондық хабарландыруды орналастыруға тиіс.

100. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы электрондық хабарландыруда мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

1) тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушиның толық атауы мен пошталық мекенжайы;

2) сатып алу жүзеге асырылатын тауарлар, жұмыстар, қызметтерді атауы;

3) қосылған құн салығын есепке алмай, сатып алу үшін бөлінген соманы көрсете отырып, өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарлардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемдері;

4) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің қысқаша сипаттамасы (техникалық шарттары көрсетіле отырып);

5) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны мен мерзімдері;

6) әлеуетті өнім берушінің баға ұсыныстарын табыс етуінің басталу және аяқталу орны, мерзімі;

7) әлеуетті өнім берушінің тауарларды жеткізу, жұмыстар орындауды, қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығыстарын баға ұсыныстарына енгізу қажеттігі туралы талап;

8) елеулі талаптарын көрсете отырып және техникалық ерекшеліктерді қоса беріп (болған кезде), сатып алу туралы шарттың жобасы;

9) тауарларды, жұмыстарды қызметтерді сатып алу туралы шартқа қол қоюдың талап етілетін мерзімі.

Тармақ Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес 10) тармақшамен толықтырылды (ескі ред. қара)

10) әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) сенімсіз деп танудың негіздемесі туралы ақпарат.

101. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын табыс етуі оның электрондық хабарландыруда белгіленген талаптарға сәйкес тауарларды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға толық келісімін білдіру нысаны болып табылады.

102. Әлеуетті өнім беруші тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға қатысу үшін 1 (бір) баға ұсынысын табыс етеді, онда мынадай құжаттар қамтылады:

1) мынадай мәліметтер: әлеуетті өнім берушінің атауы, занды және нақты мекенжайы, банктік деректемелері; жеткізілетін тауарлардың, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы, саны, орны мен мерзімдері; ҚКС-ны есепке алмай, тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің бірлігі үшін бағасы мен жалпы бағасы көрсетіле отырып, әлеуетті өнім берушінің мөрі (болған кезде) басылған, қол қойылған баға ұсынысы;

2) занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы қуәліктің көшірмесі;

3) әлеуетті өнім берушінің мөрі басылған (болған кезде), қол қойылған техникалық ерекшеліктер және техникалық ерекшеліктермен көзделген талаптарға сәйкес ресімделген басқа құжаттар (егер тапсырыс берушінің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алушы өткізу туралы хабарландыруында көзделсе);

4) тармақшага Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес озгерістер енгізілді (ескі ред. қара)

4) лицензияның нотариалды қуәландырылған көшірмесі және/немесе мемлекеттік электрондық тізбeden алынған электрондық лицензияның деректерін тексеру үшін электрондық лицензияның көшірмесін (сатып алу талаптарында міндettі лицензиялауға жататын қызмет деп болжанған жағдайда).

103. Әлеуетті өнім беруші – Қазақстан Республикасының резиденті емес Ереженің 102-тармағымен көзделген, Қазақстан Республикасы резиденттері тапсыратын құжаттарды немесе баға ұсыныстарын сұрату

тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алушы жүзеге асыру туралы электрондық хабарландырудың тіліне нотариус куәландырған аудармасымен, ұқсас мәліметтер бар құжаттарды тапсырады.

104. Баға ұсынысы бар мөр басылған конверттің сыртқы бетінде әлеуетті өнім беруші мынаны:

1) әлеуетті өнім берушінің толық атауы мен пошталық мекенжайын;

2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алушы жүзеге асыру туралы электрондық хабарландыруда көрсетілген ұқсас мәліметтерге сәйкес келуі тиіс тапсырыс берушінің/сатып алушы ұйымдастыруышының атауы мен пошталық мекенжайын;

3) сатып алуға қатысу үшін әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы берілген тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атауын көрсетуі тиіс.

105. Баға ұсынысы конвертке салынады және оны әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушіге/сатып алушы ұйымдастыруышыга электрондық хабарландыруда соңғы көрсетілген кезеңде береді.

106. Белгіленген мерзім өткеннен кейін берілген баға ұсынысы бар конверт баға ұсыныстарын тіркеу журналына тіркелмейді және әлеуетті өнім берушіге қайтарылады.

107. Тапсырыс беруші/сатып алушы ұйымдастыруышы:

1) баға ұсынысы бар конвертте Ереженің 104-тармағында көзделген мәліметтердің болуын тексереді. Ереженің 104-тармағының талаптары бұзылып ресімделген, баға ұсыныстары бар конверттер тіркеуге жатпайды және әлеуетті өнім берушіге қайтарылады.

2) тиісті түрде ресімделген баға ұсыныстары бар конверттерді қабылдайды және баға ұсыныстарын тіркеу журналында мына мәліметтерді көрсетеді:

баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алушың атауы;

тапсырыс берушінің және сатып алушы ұйымдастыруышының толық атауы, олардың пошталық мекенжайы;

әлеуетті өнім беруші өкілінің тегі, аты, әкесінің аты;

әлеуетті өнім берушінің толық атауы мен пошталық мекенжайы,

әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын тіркеу күні мен уақыты.

108. Баға ұсыныстарын тіркеу журналында бас тарту себептері баяндалған, баға ұсыныстарын тіркеуден бас тартылған әлеуетті өнім берушілердің тізімі көрсетілуі тиіс. Баға ұсыныстарын тіркеу журналы тігілуі, беттері нөмірленуі және әр бетіне сатып алушы ұйымдастыруышының жауапты қызметкерінің қолы қойылуы, баға ұсыныстарын тіркеу журналының соңғы бетінде сатып алушы ұйымдастыруышының жауапты қызметкерінің қолы қойылуы және сатып алушы ұйымдастыруышының мөрі басылуы тиіс.

109) тармақшага Қамқоршылық кеңестің 2012 жылдың 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес озгерістер енгізілді (ескі ред. кара)

109. Тапсырыс беруші/сатып алушы ұйымдастыруышы әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын табыс етудің түпкілікті мерзімінен бастап 3

(ұш) жұмыс күні ішінде конвертті ашады және олардың баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы электрондық хабарландырудың талаптарына сәйкестігін қарастырады және ең төменгі баға ұсынысын берген жеңімпазды анықтайды.

110. Қамқориылық кеңестің 2012 жылды 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес алынып тасталды (ескі ред. кара)

111. Егер ең төменгі баға ұсынысын бірнеше әлеуettі өнім беруші табыс еткен болса, онда баға ұсынысы басқа әлеуettі өнім берушілердің баға ұсыныстарынан ертерек түскен әлеуettі өнім беруші жеңімпаз деп танылады.

112. Мынадай жағдайларда әлеуettі өнім берушінің баға ұсынысы қабылданбауға тиіс, егер:

1) осы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кетсе;

2) әлеуettі өнім беруші ұсынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына сәйкес келмесе;

3) әлеуettі өнім беруші тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің елеулі талаптарын, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің елеулі сипаттамаларын ұсынған жағдайлардан басқа, әлеуettі өнім беруші сатып алу талаптарымен келіспесе, не оны өзгертуді және/немесе толықтыруды ұсынса;

4) әлеуettі өнім беруші 1 (бірден) артық баға ұсынысын ұсынған болса;

5) тармақшага Қамқориылық кеңестің 2012 жылды 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. кара)

5) әлеуettі өнім беруші және/немесе оның қосалқы мердігері (бірге орындаушы)/консорциумға кіретін заңды тұлға Сенімсіз әлеуettі өнім берушілер (өнім берушілер) тізімінде тұрса.

113) тармазына Қамқориылық кеңестің 2014 жылды 30 наурыздадағы № 14 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. кара)

113. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы электрондық хабарландыру талаптарына сәйкестікке әлеуettі өнім берушілердің баға ұсыныстарын қарастыру қорытындылары бойынша тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшысының не тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшысы орынбасарының, не өзге уәкілетті тұлғасының шешімімен баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу қорытындылары бекітіледі.

114. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың қорытындыларын бекіту туралы шешімде мынадай:

1) тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының толық атауы, оның пошталық мекенжайы;

2) өткізілген таураштарды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың атауы;

3) баға ұсыныстарын табыс еткен түпкілікті мерзім аяқталғанға дейін



тізбекті ұсынымды, олар өтініш жасаған тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге арналған бағаны берген әлеуетті өнім берушілердің толық атауы;

4) бас тартылған баға ұсыныстары, бас тарту негіздемелері туралы;

5) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың жеңімпазы туралы, сондай-ақ екінші орынды иеленген әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер болуы тиіс.

Сатып алуды ұйымдастыруши баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары бекітілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей шешімді тапсырыс берушінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

115. Тапсырыс беруші баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың қорытындылары бекітілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сатып алу туралы шартқа қол қояды және оны жеңімпазға жібереді.

Сатып алу туралы шарттың жобасына сатып алу жеңімпазы не Ереженің 117-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес анықталған жеңімпаз оған тапсырыс беруші қол қойылған сатып алу туралы шарттың жобасын табыс еткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қоюға тиіс.

Откізілген сатып алу талаптарының мазмұнын өзгертуі мүмкін сатып алу туралы шарт жобасының елеулі талаптарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге рұқсат етілмейді.

116. Егер әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушіге қол қойылған сатып алу туралы шартты белгіленген мерзімде ұсынбаса, онда мұндай әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарған деп танылады.

117. Әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарған деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші:

1) «Назарбаев Университеті» Атқарушы органды белгілеген тәртіппен осындай өнім берушіні Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесіне енгізуге ақпарат жібереді;

2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен откізілген сатып алу талаптарымен екінші орынды иеленген әлеуетті өнім берушімен сатып алу туралы шарт жасасады.

118. Сатып алуды ұйымдастыруши баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды мынадай:

1) берілген баға ұсыныстары болмаған;

2) кемінде 2 (екі) баға ұсынысы берілген;

3) Ереженің 112-тармағында көзделген негіздер бойынша баға ұсыныстарын қабылдамағаннан кейін әлеуетті өнім берушілердің кемінде 2 (екі) баға ұсынысы қалғанда;

4) тармақша Қамқоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес мына редакцияда мазмұндалады (екінші ред. қара)

4) Жеңімпаздың/екінші орынды иеленген әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартты жасасудан бас тартқан жағдайда откізілмеді деп таниды.

119. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу откізілмеді деп

танылған жағдайда, тапсырыс беруші:

- 1) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайта сатып алуды өткізуге;
- 2) электрондық хабарландырудың елеулі талаптарын өзгертуге және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайта сатып алуды өткізуге;
- 3) бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.

120. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілетін сатып алуда бұзушылықтар анықталған жағдайда, сатып алуды ұйымдастырушы сатып алу туралы шарт жасалатын сәтке дейін баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың қорытындысын бекіту туралы шешімді жоюға, баға ұсыныстарын табыс еткен барлық әлеуетті өнім берушілерді тапсырыс берушінің интернет-ресурсына тиісті шешімді орналастыру арқылы осы шешім туралы хабардар етуге міндетті.

9. Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес алынып тасталды (ескі ред. кара)

121. Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес алынып тасталды (ескі ред. кара)
122. Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес алынып тасталды (ескі ред. кара)

10. Бір көзден сатып алу

123) тармагына Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. кара)

123. Егер Ереженің 16-тармағының 1), 2), 4) тармақшаларында көзделген тәсілдердің біреуімен жасалған сатып алу өткізілмеді деп танылған жағдайда, бір көзден сатып алу тапсырыс берушінің бірінші басшысының немесе оны өзге үәкілетті тұлғасының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

124. Егер тендер тәсілімен сатып алу Ереженің 84-тармағы 3) тармақшасының негізінде және әлеуетті өнім берушінің тендерде қатысуға бас тартылмаған тек бір ғана өтінімінің болуымен өткізілмеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші осы әлеуетті өнім берушіде сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.

Егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу Ереженің 118-тармағы 3) тармақшасының негізінде және әлеуетті өнім берушінің тек бір ғана бас тартылмаған баға ұсынысының болуымен өткізілмеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші осы әлеуетті өнім берушіде бір көзден сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.

Бұл ретте сатып алу туралы шарт онымен оның тендерге қатысуға берген өтінімінде, баға ұсынысымен қарастырылған жағдайда жасалуы тиіс. Мұндай жағдайда сатып алу туралы жасалған шарттың бағасы тендерге қатысуға өтінімде, барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есепке ала отырып, баға ұсынысында көрсетілген бағадан аспауы тиіс.

125. Егер тендер, баға ұсыныстарын сұрату, электрондық сатып алу тәсілімен сатып алу Ереженің 124-тармағынан басқа негізdemeler бойынша

өткізілмеді деп танылса, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіге сатып алуға қатысуға жазбаша шақыруды жібереді, онда мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс:

- 1) тапсырыс берушінің атауы мен орналасқан орны;
 - 2) қажет болған жағдайда техникалық ерекшелігін, жоспарларын, сызбалары мен нобайларын қоса алғанда, нормативтік-техникалық құжаттамасы көрсетіле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сипаттамасы және талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипаты;
 - 3) өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарлардың саны, орындалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлемдері;
 - 4) тауарды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің орны;
 - 5) тауарды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің талап етілетін мерзімдері, ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасына кепілдік беру;
 - 6) төлем шарттары;
 - 7) елеулі талаптары көрсетілген сатып алу туралы шарттың жобасы;
- 126) тармакынын екінші және үшінші абзацтар Қамқоришилық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздың № 14 шешіміне сәйкес мына редакцияда мазмұндалады (ескі ред. қара)
126. Бір көзден алу тәсілімен өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарларды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзімде тапсырыс берушіге мынадай ақпаратты:
- техникалық ерекшелікті және техникалық ерекшелікте көзделген талаптарға сәйкес ресімделген өзге де құжаттарды (егер осындай жүргізілген сатып алудың талаптарында көзделген болса);
- әлеуетті өнім беруші тартқан қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтер;
- баға ұсыныстары.

Қажет болған жағдайда тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізуді жүзеге асыру мүмкіндігін анықтау мақсатында қосымша ақпарат немесе құжаттарды сұратуға құқылы.

127. Тапсырыс беруші бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде сатып алу туралы шарттың жобасына қол қояды және сатып алу туралы шарттың жобасын әлеуетті өнім берушіге жібереді.

Сатып алу туралы шарттың жобасына әлеуетті өнім беруші оған тапсырыс беруші қол қойылған сатып алу туралы шарттың жобасын ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қоюға тиіс.

128. Егер әлеуетті өнім беруші қол қойылған сатып алу туралы шартты тапсырыс берушіге белгіленген мерзімде ұсынбаса, онда мұндай

әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарған деп танылады.

11. Электрондық сатып алуды өткізу

129. Электрондық сатып алуды өткізу «Назарбаев Университеті» Атқарушы органы белгілеген тәртіппен электрондық сатып алуды жүргізу қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ереже Қамкоршылық кеңестің 2013 жылғы 02 желтоксандағы № 13 шешіміне сәйкес 11-1 бөлімімен толықтырылды

11-1 Сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі

129-1. Ерекше тәртіпті қолданып сатып алу «Назарбаев Университеті» Қамқоршы кеңесінің мақұлдауымен «Назарбаев Университеті» Атқарушы органы айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

129-2) тармақша Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес мұна редакцияда мазмұндалады (ескі ред. кара)

129-2 Ерекше тәртіпті қолдана отырып сатып алу Ереженің 15-тармағы 26) тармақшасын қоспағанда, салынып жатқан тұрғын үйді сатып алған және «Назарбаев Университеті» мен оның ұйымдарының қызметкерлері үшін инвестициялық жобалар шеңберінде тұрғын үй кешендерін салу жағдайларында жүзеге асырылады.

12. Сатып алу туралы шартты жасасу

130. Сатып алу туралы шарт тендерлік құжаттаманың, электрондық сатып алудың немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың бөлігі болып табылатын сатып алу туралы шарттар жобаларының талаптарына сәйкес жасалады.

Сатып алу туралы шарттың бағасы берік болып табылады және Ереженің 132-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, оның орындалу барысында ұлғаю жағына өзгерілмейді.

131. Егер әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы қол қойылған шартты белгіленген мерзімде тапсырыс берушіге табыс етпесе немесе сатып алу туралы шартты жасасып, көзделген мерзімдерде сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді және/немесе сатып алу туралы шартқа сәйкес алдын ала төлем/аванс сомасына сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізбесе, онда мұндай әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарған деп танылады.

132) тармақ Қамқоршылық кеңестің 2014 жылғы 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес мұна редакцияда мазмұндалады (ескі ред. кара)

132. Сатып алу туралы шартқа осы тармақта көзделген жағдайлардан басқа, шарттың мәні, шарттың бағасы, тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің мерзімі сияқты, өнім берушінің

таңдауы үшін негіз болып табылатын талаптарға әсер ететін өзгерістер енгізілмейді.

Сатып алу туралы шартқа өзгерістер енгізу Ереженің ережелері және Қазақстан Республикасының заңнамалары ескеріле отырып, тараптардың өзара келісімі бойынша мынадай жағдайларда:

1) тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге бағалардың азауы және тиісінше сатып алу туралы шарт сомасының азауы бөлігінде;

2) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер көлемінде тапсырыс берушінің қажеттілігін арттыруға байланысты сатып алу туралы шарттың бағасын арттыру бөлігінде, сондай-ақ тауар бірлігі үшін баға сатып алынатын жұмыстардың, қызметтердің көлемі, оның ішінде Бюджетке және тапсырыс берушінің атқарушы органының шешіміне сәйкес кейінгі қаржы жылдары, алайда З (үш) жылдан астам емес мерзімге сатып алу туралы шарттың орындалу мерзімін тиісті өзгерту бөлігінде;

3) тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімін өзгерту бөлігінде, егер өнім беруші тауар бірлігі, жұмыстың бағасы, қызмет үшін бағасы өзгерілмеген, сатып алу шартының мәні болып табылатын барынша жақсы сапалы және/немесе техникалық сипаттамаларды немесе тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызмет көрсету мерзімін және/немесе жағдайларын ұсынғанда;

4) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сараптамадан өткен, бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес сатып алу туралы шарттың бағасын өзгерту бөлігінде;

5) сатып алу туралы шарттың мәні болып табылатын жұмыстарды жүзеге асыруға кедергі жасайтын қолайсыз климаттық жағдайлар себебі бойынша құрылыш жұмыстарын, инженер қызметін жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ сатып алу туралы шартты уақтылы орындауға кедергі тудыратын құрылыш алаңында тапсырыс беруші әрекетіне және/немесе тапсырыс берушінің басқа өнім берушілерінің әрекеттеріне байланысты сатып алу туралы шартты орындау мерзімін ұлғайту бөлігінде жүзеге асырылады. Осы тармақшада көзделген сатып алу туралы шартты орындау мерзімдерін ұлғайту жағдайлары сатып алу туралы шартқа қосымша тиісті келісімдерді жасағанға дейін құжаттамалық расталуы тиіс;

6) оларға табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген баға шегінде мемлекеттік реттеу белгіленетін тауар бірлігі үшін бағаның өзгеруі бөлігінде жүзеге асырылады.

132. Сатып алу туралы шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделеді және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Ереже Қамқоршылық кеңестің 2014 жылды 30 наурыздагы № 14 шешіміне сәйкес 132-1 тармағымен толықтырылды

132-1 Үзіліссіз қызметті қамтамасыз ету мақсатында тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу туралы шарттың

қолданылуын тапсырыс берушінің атқаруышы органы бекіткен тізбе бойынша өткен жылдың сол тоқсанында пайдаланылған осындай тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің көлемінен аспайтын көлемде бір тоқсанға ұзартуға құқылы.

133. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, өнім беруші ұсынатын нысанда сатып алу туралы шартты ресімдеуге рұқсат етіледі.

13. Сатып алу туралы шартты орындау

134. Сатып алу туралы шартты орындау Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына, тапсырыс берушінің шарттарды дайындауды, жасау мен орындауды регламенттейтін Қағидалары мен ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.

135. Өнім беруші сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындаған немесе толық орындаған жағдайда, тапсырыс беруші сатып алу туралы енгізілген шартты орындауды қамтамасыз етуді және/немесе алдын ала төлем/аванс сомасына сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап қалады.

14. Қосымша ережелер

136. Сатып алу мәселелері бойынша уәкілетті орган:

1) сатып алу мәселелері бойынша әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

2) әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) жазбаша өтінімдері мен шағымдарын қарайды;

3) «Назарбаев Университеті» ұйымынан қажетті құжаттарды, есептерді, анықтамаларды, оның ішінде әлеуетті өнім берушілердің (жеткізушилердің) шағымдарын қарау үшін қажеттерін сұрайды;

4) әлеуетті өнім берушілердің (жеткізушилердің) жазбаша өтінімдері мен шағымдарын қарау қорытындылары бойынша «Назарбаев Университеті» ұйымының басшылығына сатып алу саласында қажетті шараларды қабылдау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды жібереді;

5) сатып алу саласында ақпараттық жүйелдерді әзірлеу мен енгізуге қатысады;

6) қажеттілігіне қарай, сатып алу саласында «Назарбаев Университеті» ұйымдарында берілген сатып алу туралы есепті деректердің, материалдар мен ақпараттардың шынайылығын тексереді;

7) Сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесін қалыптастырады және жүргізеді;

8) тармақшаса Камкоршылық кеңестің 2012 жылғы 12 қарашадағы № 7 шешіміне сәйкес озгерістер енгізілді (ескі ред. кара)

8) «Назарбаев Университеті» ұйымдарында сатып алу саласындағы Ережелер мен ішкі құжаттар талаптарының сақталуына бақылау іс-

шараларын жүргізуге құқылы.

138. Әлеуетті өнім берушілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тендерлік, сараптама комиссиясының мушелерін (сарапшыны) қоса алғанда, тапсырыс беруші, сатып алушы ұйымдастыруышы, сондай-ақ өзге де тұлғалар қабылдайтын әрекеттер мен шешімдерге шағымдануға құқылы.

139. Ереженің 8-тармағына сәйкес олар қабылдаған сатып алушы жүзеге асырудан бас тарту туралы тапсырыс берушінің шешімі шағым жасауға жатпайды.

15. Қорытынды ережелер

140. Ережені қолданысқа енгізгенге дейін басталған (жарияланған) сатып алу рәсімдері сатып алу туралы шешім қабылданған күнге дейін қолданылған Директорлар кеңесінің 2010 жылғы 19 акпандағы № 5 шешімімен бекітілген «Назарбаев Университеті» акционерлік қоғамы және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы тікелей немесе жанама түрде «Назарбаев Университеті» акционерлік қоғамына тиесілі ұйымдар жүзеге асыратын Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу ережесіне (бұдан әрі – Сатып алу ережесі), «Назарбаев Университеті» жеке мекемелері жүзеге асыратын Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу ережесіне, «Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Ұлттық талдамалық орталық» акционерлік қоғамы жүзеге асыратын Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

141. «Ұлттық медициналық холдинг» акционерлік қоғамы мен оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алушы жүзеге асыруы «Ұлттық медициналық холдинг» акционерлік қоғамын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 376 қаулысымен бекітілген ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар тізбесінен (бұдан әрі – тізбе) шығарылғанға дейін Сатып алу ережесінің нормаларымен регламенттеледі. Көрсетілген тізбеден «Ұлттық медициналық холдинг» акционерлік қоғамы шығарылғаннан кейін Сатып алу ережесі күшін жояды.